# Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:
Оқу ісінің орынбасары: Жакеева . Г.С

МАД сыныбы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезені : 02-06. Қыркүйек 2024-2025 оқу жылы
Тәрбиеші: Абдыкаликова Г.Г

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік мағызды қалыптастыру, бақылау.<br><br>**Біртұтас тәрбие:**<br>**Ұлттық мүдде құндылығы:** тәуелсіздік және отаншылдық<br>**«Меннің Отаным – Қазақстан»**<br>Мақсаты: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;<br>оқу аптасының басында бірінші ұйымдастырылған іс-әрекетте білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау.<br>(апта сайын, дүйсенбіде) | **«Мен Отанымды сүйемін»**<br>Отан деген<br>- атамекен,<br>Отан деген – туған жер.<br>Отан –Ана,<br>Отан –үлкен,<br>Қазақстан – туған ел!<br><br>**БТҚБ: Ұлттық мүдде:**<br>Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу: отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;<br><br>Гимн орындау. | «Жүректен жүрекке»<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз.<br>Қашан да, қайда да,<br>Достар бір-біріне<br>Сенімді боламыз.<br>2 деген 2 дос,<br>Бірін-бірі қимайтын.<br>Артық-кемді етпей сөз,<br>Бірін-бірі сыйлайтын.<br><br>**БТҚБ:Ар-ұят құндылығы:**<br>Достарына,құрдастарына қамқор болу, адал болу. | **«Тілек тілеу»**<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br><br>**БТҚБ: Талап құндылығы:** қоршаған ортаның тазалығын сақтау, табиғатты аялау, жаңаны тану. | **«Шаңырақ»**<br>Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбюасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар.<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар...<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Еркелеймін, еремін!<br><br>**БТҚБ:Ар-ұят құндылығы:** отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, өзін отбасы мүшесі екенін сезіну.<br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу<br>**(апта сайын)**<br>1.Көшеде ойнап жүргенде қауіпті жерлерді және көліктің астына түсіп қалмайтын жағдайларды түсіндіріңіз.<br>2.«Бөгде адамдармен сөйлеспе, одан адамдар көп шоғырланған жерге қарай кетіп қал!» | **«Сәлем берем үлкенге»**<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп танысты көреміз,<br>Бәріне де ізетпен,<br>Сәлеметсіз бе, ағай? – деп,<br>Сәлеметсіз бе, апай? – деп,<br>Есенсіз бе, апай? – деп,<br>Амансыз ба, атай? –деп,<br>Ұл-қыз сәлем береміз,<br>Өнегелі өренбіз.<br><br>**БТҚБ:Ар-ұят құндылығы:**<br>Үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсету. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | **Бала тәрбиесінің** алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз | **«Отбасындағы әке рөлі»**<br>«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге | **«Жақсы сөздер аясында»** | **«Отбасылық климат»**<br>Жас баланың дамуында ата- | **«Еңбекке баулу»**<br>Адамзаттың қамы үшін еңбек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.<br>**(күн сайын)** | отының басындағы, ата-ана тәрбиесі. «Баланың бас ұстазы ата-анасы» демекші отбасындағы таным, түсінік қалай қалыптасса, адамның бойында қалатын сол қасиет солай қалыптасады<br>.(осы тақырыпта әңгімелесу) | қарап қыз өсер», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, жалпы отбасында ұл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше. | «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды», «Аға әдепті болса, іні әдепті, апа әдепті болса, сінлі әдепті» т. б. мақалдардан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиеге ерекше назар аудару. | **ананың** орыны ерекше, сондықтан ата-ана өз отбасында қолайсыз жағдайларды баланың көзінше тудырмауға тырысуы қажет. Отбасындағы ұрыс-керіс баланың жүйкесін тоздырады. | қылсаң, алланың сүйген құлы боласың» деп отбасында баланы жастайынан еңбекке баулудың маңыздылығы жайлы әңгіме жүргізу. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br><br>**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. ұлттық ойындар<br>**(күн сайын)** | **«Шындыққа бір қадам» ойыны**<br>Балалар бір сапқа тұрады. Егер дұрыс болса бір қадам аттайды, дұрыс болмаса бір қадам артқа аттайды.<br>- Сиырлар ұшады<br>- Мысықтар мияулайды.<br>- Қыста қар түседі.<br>- Үлкенге орын береді.<br>- Ата-аналарды алдау<br>- Өтірікті досыңа жабу<br>- Шындықты айту.<br><br>Ұлттық ойын: **«Ақсерек-көксерек» ойыны.**<br>**Мақсаты:** Балалар ептілікке, бірлікке, тобы үшін намыстанып, жеңіске талпынуға үйренеді. | **Шапалақты тыңда.**<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен , екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып , үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>Қанша дыбыс естідіңдер? Жүргізуші бірнеше рет қарындашпен үстелді соғады. Ал, балалар естіген дыбыстарын саусақпен көрсетеді.<br>**Ұлттық ойын: «Ханталапай»**<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интелектуалдық, тапқырлық, ептілік, дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылық қабілеттерін дамыту | «Жоғалған зат» ойыны<br>Мақсаты: баланы көргенін есте сақтап қалуға дағдыландыру.<br>Шарты: Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады,бала затқа мұқият қарайды да теріс қарап тұрады.Бала қайта қарағанда қай заттың жоғалғанын табу керек.<br><br>Ұлттық ойын:<br>**«Арқан тарту»**<br>**Мақсаты:** Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне көмектесуге үйретеді. | «Қайтала» ойыны<br>Мақсаты: Баланың есте сақтау қабілетін дамыту,шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Шарты:Балалар жұппен ойнайды,Әр балаға шырпының 6 талынан беріледі.Екі баланың бірі бір затты құрайды,жұбы соны тез қайталауы керек.<br><br>**Ұлттық ойын:**<br>**Хан «алшы»**<br>**Мақсаты: ұлттық ойындар арқылы балалардың бойындағы ұлттық қасиеттерін, ойлау қабілетін дамыту, адамгершілікке, шапшандылыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу.**<br>**К/к: асықтар** | «Шатаспай,есте сақта!» ойыны<br>Мақсаты: Баланың зейінін дамыту,есте сақтауын дамыту.<br>Шарты: Баланың алдына суреттер қойылады,тәрбиеші сол суреттерге қатысты сөздерді айтады,соған байланысты суреттерді табу керек.<br><br>**Ұлттық ойын: «Соқыртеке».**<br>**Мақсаты:** Балаларды дыбысты естуге сезініге үйрету.<br>Балаларды сипау арқылы тану. |
| Таңертеңгі жаттығу | **«Жануарлар »**<br>Мақсаты: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіреді.<br>заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеп өтеді.<br>Шарты: жануарлардың суретіне қарап қимылдарын жасайды (денебелсенділігі) | **«Тосқауылдар»**<br>Мақсаты: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.<br>Шарты: балалар алдында тосқауылдар (батпақты су, тікенекті шөптер) бар, осы тосқауылдардан өтеді ( дене шынықтыру | **«Өзеннен өту»**<br>Мақсаты: кедергілерден секіріп өту, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіреді; тұрған орнында айналып секіру.<br>Шарты: балалар алдында өзен бар,сол өзенге қойылған тастардың үстінен секіріп өту. | **«Допты қағып ал»**<br>Мақсаты: допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алу: допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алу.<br>Шарты: балаларды екі қатарға бөліп тұрғызып,қолдарына доп беріп бір –біріне лақтырып,қағып алу. | **«Көңілді би»**<br>Мақсаты: музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасау:<br>Шарты: Музыка ырғағымен жаттығулар жасау. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Тілге бойлау»**: Тіл ұстарту жаттығуларына ойындар.<br>**Мұның бәрі кімдікі?" ойын жаттығуы.** | **«Тілге бойлау»:**<br>Грамматикалық жаттығулар:<br>Мақсаты: дұрыс сөйлеуді қалыптастыру. | **Үстел үсті ойындары.**<br>Дидактикалық ойын<br>**Лото «Көкөністермен жеміс жидектертер»** | **Дидактикалық ойын:**<br>**«Қандай жемісті алдың?»**<br>**Мақсаты:** жемістер (алма, алмұрт, өрік) туралы | **Тіл ұстарту жаттығулары:**<br>Үй жануарлары туралы<br>Ие – ие – ие,<br>Маң – маң басқан түйе. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау<br>**(Күн сайын)** | Мақсаты — сөздерді-заттарды, сөздерді-белгілерді қажетті сан мен жағдайда үйлестіруге арналған жаттығу.<br>Балаларға жануардың суреті көрсетіліп, бір сөзбен жауап беру керек сұрақтар қойылады. Сұрақтар: кімнің құйрығы? Кімнің құлағы? Кімнің басы? Кімнің көзі?<br>Сиыр — сиыр, сиыр, сиыр, сиыр.<br>Қоян — қоян, қоян, қоян, қоян.<br>Қой — қой, қой, қой, қой.<br>Жылқы — жылқы, жылқы, жылқы, жылқы.<br>Мысық — мысық, мысық, мысық, мысық. | «үйде бардым» (дұрысы - «үйге бардым»), «машинада міндім» (дұрысы - «машинаға міндім»), «жолда бардым» (дұрысы - «жолмен бардым»), «орындыққа отыр» (дұрысы — «орындыққа отыр»), «орманда кетті» (дұрысы - «орманға кетті»), «кино бардым (дұрысы - «киноға бардым») | **Мақсаты:** Көкөністерме н жемістерді бір бірінен ажыратуға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. | түсініктерін кеңейту. Есте сақтау қабілеттерін одан ары қарай жетілдіру, үлгіге сүйене отыра байланыстырып сөйлем құрастыру іскерліктерін дамыту | Та- та – та.<br>Жібек жүнді бота.<br>Иыр – иыр – иыр,<br>Сүт береді сиыр.<br>Зау – зау – зау.<br>Меңірейді бұзау. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Математика негіздері**<br>**Жиынды** сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру<br>**«Шаршы құрастыр»** дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.<br>Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі.<br>Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады.<br>1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды.<br>2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?).<br>3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім тез бітсе, күрделірек түрін беру. | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерге дыбыстық талдау жасау<br>«Артығын тап» ұйымдастырылады. 1. Бас, қол, көз, қас, тас. (тас) 2. Алма, алмұрт, шие, бие. (бие) 3. Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус) 4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (жүзім) 5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе) 1. Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді көк түсті сандықпен, дауысты дыбыстан басталатын сөзді қызыл түсті сандықпен сызып қос. 2. Дыбыстық талдау жаса. «Май», «сүт» сөздеріне дыбыстық талдау жасайық. Балалар орындарында жұмыс дәптермен өз беттерінше жұмыс жасайды3. Суреттерді штрихта. 4.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. | **Математика негіздері**<br>Жиынды бөліктерге бөлу<br>**Ойын-тапсырма:**<br>Түрлі түсті картоннан геометриялық фигураларды кесіңіз және баланы олардың әрқайсысын тең бөліктерге бөлулерін сұраңыз.<br>Геометриялық кескіндерді бөліктерге бөліп, баланы жинауға және суреттерге атауға шақырыңыз.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Ана** тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айту<br>«Г» мен «К» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін ашылып тілдің ұшы астыңғы тістің түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. Дем | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздегі дыбыстардың ретін, санын анықтау,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**«Жалпы атауын ата»** ойынын педагог ойнатады.<br>1. Автобус, такси, трамвай – ... (көліктер)<br>2.Қыс, көктем, жаз, күз – ... (жыл мезгілдері)<br>3. Кептер, қарға, сауысқан – ... (құстар)<br>4. Қызанақ, қияр, қызылша – ... (көгөністер)<br>Дыбыстармен жұмыс<br>Мысалы «лақ» сөзінде:<br>• «Л» дыбысы бірінші тұр;<br>• «а» дыбысы екінші тұр;<br>• «қ» дыбысы үшінші тұр.<br>Әр айтылған дыбыстың өз орны бар. Егер дыбыстарды дұрыс айтпасақ, сөз дұрыс құралмайды.<br>**«Дұрыс тап»** дидактикалық ойыныБалалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде | **Математика негіздері**<br>Бөліктерден жиынды біріктіру<br>**«Біз рюкзакты жинаймыз»** ойыны тартады. Бірнеше бала қатысса жақсы болмақ.<br>Рюкзакке әрбір бала кезекпен айтылған заттарды тобына қаррай жинауы тиіс. Саны көбейген сайын, ойнау қиын болады, бірақ бұл көңілді және қызықты.<br>**«Не өзгерді» ойыны**<br>**Мақсаты:** Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Мазмұны:** Тәрбиеші екі жолақты карточканы тақтаға іліп, бірінші жолағына бір алмұрттың суретін, екінші жолағына көп алманың суретін іледі де, балалармен бірге салыстырады. Содан кейін, керісінше, бірінші жолаққа көп алманы, екінші жолаққа бір алмұрттың суретін іледі. Бұдан не өзгергенін сұрайды.<br><br>**Сөйлеуді дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет**<br>**Шығармалардың** мазмұнын эмоциямен кабылдау<br>«Менің досым» Мақсаты: 1. Суретке қарап әңгіме құрау,эмоцианалды қабылдау.<br>Адал дос Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуінің аты – Аблан да, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын. Бір үйдің жанынан өте бергендерінде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді. Абыз қатты қорқып: – Аблан, қаш, әне, ит келіп қалды, – деп айғайлап жіберді. Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абыланды құтқарып алды. Абыз Абланның жанына келіп: – Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенімізде шалбарыңды бүйтіп жыртып тастамас еді, – деді. – Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені, сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп әдейі қалып қойдым, – деді Аблан.<br>– Достар деген осындай болар, – деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп.<br>Мақал-мәтелдер 1. Досы көпті, жау алмайды. Ақылы көпті, дау алмайды.<br>2. Дос, доссыз өмір бос.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Сөздің** мағынасын түсіну<br>1.Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті білдіретін сөздерді ата.<br>2.Суреттерге қара. Әр | Саусақ жаттығуы 3.<br>Қолымызды қайшылап, Қағаздарды қиямыз. Қиып-қиып аламыз, Біз көңілді баламыз.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну<br>**«Ақылды машиналар»**<br>**Мақсаты:**Адамдардың жұмыстарын жеңілтуде машиналардың көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту. Істейтін қызметтеріне қарай машиналарды топтастыру.<br>**Ойын шарты:**таратылған суреттер бойынша әңгімелеу. Үлкендердің еңбегі жайлы әңгімелету.<br>**«Біздің көңіл күйіміз»**<br>Мимикалық ойын. Шарты: Мамандық иелерін мимикамен көрсету.Қалғандары іс-қимылдан табу керек.<br><br>**Құрастыру**<br>**Дайын үлгілермен және** қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу.<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу<br>**«Мозаика»**<br>**Мақсаты:** Балаларға әр түрлі заттар, қазақы оюларды құрастыруды үйрету, , балалардың ой-қиялын дамыту, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Шарты:Құрастырған мозайкадағы жұмыстары жайлы әңгімелету.Жұмыс | жоғары көтеріліп, тіл мен таңдайдың арасынан шыққанда «К» дыбысы жасалады. Дауыс шымылдығының дірілінен «Г» дыбысы естіледі.<br>Қолайналарыңды алып, «Г», «К» деп айтқызу. Гү-лім, кө-гім. Гү-ріл, жү-гір. Кө-лік, кө-лең-ке. Ке-се, кес-те.<br>**Қазақ тілі**<br>**Қоршаған** ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіру<br>**Тілдік жаттығу.**<br>«Қандай?» Өрік өсті, Өрік пісті. Өрік өте дәмді, Өрік жеміс. Өрік сары.Мынау жүзім. Жү-ү-ү-зім. Ү-ү-ү- жүзі жеміс, дәмді.<br>**«Ажырат»ойыны**<br>көкөністер мен жемістерді себеттерге салу. Үлкенін, кішісін бөлек салу.<br>**«Көкөніс» тақпағы.**<br>Өрік, алма, шие, алша, Жидек, жүзім піседі. Қауын, қарбыз, қияр, сәбіз, Дүкендерге түседі. Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дәнге толады.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Жүгіру,** белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіру. заттардың арасымен, жіптерден аттап **жүру.**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ».** (3 рет). Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба | тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар. Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер. Л дыбысын орнан анықтаймыз. Мысалы: (п) піл, апа, қап. Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін.<br>**Дидактикалық жаттығуы» Әндетіп көр»** – Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «а» дыбысын дыбыстау арқылы айтып көрейік.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Кітапқа қызығушылығын дамыту<br>**«Мектепішілік кітапханаға»** саяхат ұйымдастыру.<br>Кітапханаға қызметкерлерінің жұмысымен таныстырып, кітаптар әлемін көрсету арқылы қызығушылығын арттыру жұмысын ұсынамын.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Туыстық байланыстарды түсіну, жеті атасын білу<br>Туған соң адам боп<br>Білімсізден жаман жоқ<br>Ел дәстүрін білмесең,<br>Жұрт айтады надан деп.<br>Ата-бабан ардақты<br>Жамандыққа бармапты<br>Ардай тұтып үлкенді<br>Ата жолын жалғапты.<br>Өзге ұлттай біздің де,<br>Бар дәстүр мен салтымыз.<br>Ойнап – күліп жүру керек,<br>Ойнап – күліп тұру керек.<br>Жеті жасқа жетпей бала<br>Жеті атасын білу керек.<br>Қанеки кім жеті атасын біледі?<br>Ата, әке, бала, немере, шөбере, немене, шөпшек<br><br>**Дене шынықтыру** | Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау<br>**«Қорыққанға қос көрінеді»** ертегісін тыңдату.<br>**Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда».**<br>Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады. Мысалы: «Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына; «Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына; «Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдану<br>Жұмбақ шешу<br>Жауып жаңбыр, жерде сабыр,<br>Шөп, жапырақ солады.<br>Айтыңдаршы, бөбектерім ,<br>Бұл қай кезде болады?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз неше айдан тұрады?<br>- Күзді неге «жомарт күз »деп атайды?<br>**Ойын : «Табиғат мейірімді ».**<br>Шарты: Сөйлемді бастап беру. Балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады. -Жер-Ана мейірімді ,өйткені ол ......( көкөністер мен жемістерді өсіреді). -Күн мейірімді, өйткені ол ......( жарығын, жылуын береді).<br>**Жомарт күз.**<br>Жемісі мол теретін ,<br>Күз дос екен бізбенен.<br>Бәрін тауып беретін<br>Жомарт екен күз деген.<br>(тақпақ ж)<br><br>**Музыка**<br>музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіру<br>Балаларға бір түсті бірақ әр түрлі реңктегі карточка жаймалары беріледі. Балаларға: Көгілдір – ақырын музыка, қара көк – қатты музыка, көк – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | топтағы заттарды бір сөзбен ата. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Балалар іс-әрекетті білдіретін сөздерді атайды: ойнайды, оқиды, сурет салады. Екінші тапсырмада 1 топ жабайы жануарлардың, 2-топ ыдыстардың, 3-топ киімдердің, 4-топ жәндіктердің, 5-топ оқу құралдарының, 6-топ музыкалық аспаптардың атын айтады. «Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). – Ыдыс. – Кесе, тәрелке т.б.. Үзік сызықтарды үзбей бастыр, жалғастырып жаз. . Үзік сызықтарды үзбей бастыр. Саусақ жаттығуы. Партадағы саусақтар Адымдайды, жүреді. Өнерлі бұл саусақтар, Сурет сала біледі. **Дене шынықтыру** **Жүру**, сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Шашырап, жұппен **жүгіру**. Тізбекпен бір-бірден және шашырап жүру. Бір тізбекке тұрады. Тізбекте бір-бірден жүріп үйренеді, баяу қарқынмен жүгіреді. Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүгіруге тырысады. Жүгіруден кейін тыныс алуларын қалпына келтіреді. Зал ішінде шашырап жүреді, белгі бойынша тізбектегі | жұптық, топтық бағытта өтуіне болады.<br><br>**Музыка**<br>**Музыкаға** қызығушылық пен сүйіспеншілік таныту<br>**Үш карточка** бірінші карточкада жарқырап тұрған күннің көзінің суреті, екінші карточкада бұлт басқан күннің көзінің суреті, үшінші карточкада жаңбыр мен бұлттың суреті Ойынға қатысушылар, ойын құралының санына байланысты алынады. Балаларға карточкалар таратылып, Үш түрлі музыкалық шығарма тыңдауды ұсынады. Балалар бос шаршыларды әуеннің көңіл күйіне байланысты, суреті бар карточкалармен жабады. Әр сурет әуеннің көңіл күйіне байланысты.<br>**Ән айту. «Көңілді күн»** | байланған.<br>Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті».<br>Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет. | **Еңбектеу, өрмелеу**: заттардың арасымен төрттағандап еңбектеу.<br>Гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, **өрмелеу.**<br>**«Күрес»** Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып еңбектеу. Қол мен аяқты үйлестіріп қозғау, қауіпсіздік технисын сақтау.<br>**«Көңіл күй»**<br>Отбасындағы көңіл күйді көрсетеді. Шеңберге тұрады. - Күзгі бұлт тәрізді қабақтарын түйеді;<br>- Күн сияқты күлімдейді;<br>- Дауыл соққандай ашуланады;<br>- Найзағайды көрген адам сияқты қорқады;<br>- Боран ішінде келе жатқан адам сияқты шаршайды;<br>- Бұтақта отырған құс, толқынмен жүзіп келе жатқан кеме сияқты демалады | орташа. Әрі қарай музыка жетекшісі әнді ақырын, қатты және орташа орындайды.<br>Балалар музыканы тыңдай отырып қолдарындағы фишкаларымен карточкаларды жабады. Музыкалық-ырғақты қимыл: Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.<br>Жалаушалармен жаттығу.<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. 3.Жалаушаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. 4. Жалаушаны ұстап жүру.<br><br>**Вариатив:** Бала тілін дамыту<br>Сөйлем.<br>Саусақ жаттығуы<br>«Доп»**Мақсаты** Сөйлем туралы түсінік. Суретке қарап сөйлемдер құрау.Балалардың ой-өрісін, тілін дамыту.<br>Ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикасын дамыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындарын табады. Зал ішінде шашырап жүреді, белгі бойынша тізбектегі орындарын табады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет). Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар. 66 Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады. | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуенге қажетті құралдар: еркін ойынға қажетті ойыншықтарды дайындау | Серуенге қажетті ойыншықтардың санитарлық-гигиенаға сай болуы қамтамасыз етілуі тиіс. | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу | Ауа-райына қарай киіндіруді қадағалау. | Ойын алаңын алдын ала дайындау. |
| Серуен<br><br>**Қауіпсіздік ережелерін сақта міндетін түсіндіру.** | Күзгі **күнді бақылау.**<br>Мақсаты: күнді, оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру **Экологиялық міндет**: күн сәулесінің адам мен өсімдік тіршілігі үшін құндылығын көрсету. **Еңбек:** құм жәшіктерін құммен толтыру. Мақсаты: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны**: "Қарақұс пен балапандар"<br>Мақсаты: тәрбиешінің нұсқаубұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру. | **Күнді бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсаты: серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру.<br>**"Күн мен жаңбыр"** қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бірбіріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру.<br>**"Кегльді қағып ал"** жаттығуы.<br>Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған | **Торғайларды бақылау.**<br>Мақсаты: . Торғайдың ерекшеліктері, тіршілік көріністері туралы білімдерін тереңдету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>**"Құстар мен мысық"**<br>Мақсаты: Балалардың денсаулықты сақтауға, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру.<br>**Өзіндік еркін ойын** әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. | **Күзгі ағаштарды бақылау**<br>Мақсаты: Діңі мен жапырақтарының түсі бойынша қайың мен көктеректі ажыратуды үйрету, ағаш бөліктері (діңі, бұтақтары, түбірі) туралы ойды бекіту; туған өлкенің табиғатына сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу. **Ересек адамдармен** бірге орындалатын қарапайым **еңбек тапсырмалары**: гербарий үшін көктерек пен қайың жапырақтарын жинау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: "Секірейік".**<br>Мақсаты: Ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Жеке жұмыс:** Күзгі | **Жапырақтарды бақылау, зерттеу.**<br>Мақсаты: Алтын күздің алуан түрлілігімен, "жапырақтың түсі" ұғымымен таныстыру; табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Қарапайым еңбек тапсырмалары: мектеп ауласындағы қоқыстарды жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсаты: . Жұмыс істеу дағдыларын бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Үйіңді тап".**<br>Мақсаты: Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету, ойын ережелерін дәл орындау қабілеттерін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын** әрекеттері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жеке жұмыс**: жұмбақ шешу. Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты, Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн)<br>**Еркін ойын: "Ку түлкі".**<br>Мақсаты: жүгіру қабілетін дамыту | кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке,ептілікке, зеректікке баулу.<br>**Еңбек тапсырмасы**: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **Еркін ойындары.** | Мақсаты:.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету.<br>**Еңбек:** аула сыпырушысының еңбегін бақылау.<br>**Жеке жұмыс:** Құстардың тіршілігі жайлы диалог жүргізу. | құбылыстарды бақылауға сұрақ-жауап жүргізу.<br>**Еркін ойындар** | Бір аяқпен орнында секіру.<br>Мақсаты: . Шапшаңдықты дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** жапырақтарды жинатып, салыстырту. |
| Серуеннен оралу<br><br>**«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру**<br>**(күн сайын)**<br>**Топта, үйде үнемге үйрету.** | Өз шкафтарына киімдерін салу, реттеу дағдыларын қадағалау.<br><br>**«Розеткаға жақындама!»** | Серуен кезіндегі бақылау жайлы өз ойларын айтуға мүмкіндік беру.<br><br>**«Судың кранын жауып жүр!»** | Серуенде бақылаған құстарды шығармашылық бұрышта мүсіндеу, суретін салу.<br><br>**«Үйде адам жоқта газға барма, сіріңке ұстама!»** | Сырттан келгенде гигиеналық дағдыларды орындау: қол жуу,т.б<br><br>**«Тоққа үшкір зат тықпа!»** | Жинаған жапырақтарын қағазға жапсыруға болады.<br><br>**«Телефон қуаттағышын сөндіріп қой!»** |
| Балалармен жеке жұмыс (жеке даму картасы бойынша) | Күз туралы тақпақ айтқызу арқылы сөйлеу дикциясы төмен баламен жұмыс жүргізу. | Отбасы мүшелерінің мамандықтары жайлы әңгімелесу. | Тілінде ақауы бар баламен сұрақ-жауап арқылы жұмыс жүргізу. | Балаға еркіндік беру,сурет салуға ынталы балаларға шығармашылығын шыңдауға мүмкіндік беру.. | Үндемейтін баламен жұмыс жүргізу. |
| Балалардың үйге қайтуы | Баланың адаптиялық кезеңі жайлы әңгімелесу. | Баланың күн тәртібі жөнінде кеңес | Ауа-райын ескеру | Үй жағдайында ойын бұрышының болуы жайлы ұсыныс айту. | Демалыс күндері қауіпсіздік ережелерін сақтауға кеңес. |

# Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:
Оқу ісінің орынбасары: Жакеева . Г.С

МАД сыныбы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі : 09-13. Қыркүйек 2024-2025 оқу жылы
Тәрбиеші: Абдыкаликова Г.Г

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік мағызды қалыптастыру, бақылау.<br><br>**Біртұтас тәрбие:**<br>**Ұлттық мүдде құндылығы**: тәуелсіздік және отаншылдық<br>**«Менің Отаным – Қазақстан»**<br>Мақсаты: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;<br>оқу аптасының басында бірінші ұйымдастырылған іс-әрекетте білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау.<br>**(апта сайын, дүйсенбіде)** | .Қазақстан- туған жер,<br>Сені қатты сүйемін.<br>Көлдер, таулар, даламды,<br>Отаным деп білемін!<br>Біз кішкентай баламыз,<br>Қазақстанда тұрамыз.<br>Отанды біз сүйеміз,<br>Мақтаныш оны қыламыз.<br><br>**БТҚБ: Ұлттық мүдде:**<br>Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу: отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;<br><br>**Гимн орындау.** | Қолалысып, қане, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу<br><br>**БТҚБ:Ар-ұят құндылығы: Достарына,құрдастарына қамқор болу, адал болу.** | Қоршаған өмір әлемі,<br>Не деген көркем, әдемі!<br>Сол сұлулықты сақтайық,<br>Мадақтайық, мақтайық!<br>Жер-Ана, саған мың алғыс,<br>Сыйлайсың бізге қуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да!<br><br>**БТҚБ: Талап құндылығы**: қоршаған ортаның тазалығын сақтау, табиғатты аялау, жаңаны тану. | Алдымыздан кезіккен,<br>Көп танысты көреміз.<br>Бәріне де ізетпен<br>-Сәлеметсізбе, ағай?-деп<br>-Сәлеметсізбе, апай?-деп<br>-Есенсізбе, әжей?-деп<br>-Амансыз ба, атай?-деп<br>-Ұл-қыз сәлем береміз.<br>-Өнегелі өренбіз.<br><br>**БТҚБ:Ар-ұят құндылығы:. Үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсету.**<br><br>**«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу (жоспардан)<br>**(апта сайын)** | Біз мектепке келгенде,<br>Ақпейілмен қарсы алған.<br>Өлең айтып үйретіп,<br>Би билеткен, ән салған.<br>Риза әже, атай да,<br>Риза ағай, апай да.<br>Рақмет деп айтамыз,<br>Тәрбиеші апайға.<br><br>**БТҚБ:Ар-ұят құндылығы: Үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсету.** |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру<br><br>**«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.<br>**(күн сайын)** | Бала ата – анасының қорғанышы,сүйіктісі болу керек. Осы өмірде өте мықты,ержүрек,ешкімнен қорықпайтын әкесінің бар екенін,және де өте мейрімді, ақылды анасының бар екенін сезінуі тиіс. | « Мен кіммін?» , « Менің жақсы жақтарым және кемшілігім» деген сұрақтарды қою арқылы баланы білуге болады. Мақсаты: Ұялмай өзінің кемшілік жақтарын, жақсы жақтарын ортаға айту. Балаға адамдармен қарым қатынас жасау мүлде зиян емес екенін, қорқатын ештеңе жоқ екенін айту. | Кейбір **ата-аналар** өз перзентін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді. Ал мұндай көріністер баланың бойына кері қасиет пайда болуына тікелей жағдай туыуна себеп болады. | . Ұрпағына бар асыл қасиетті сіңіріп өсіруді армандамайтын адам жоқ. Ең алғашқы тәрбие баланың өмір сүріп отырған ортасы – отбасында басталады, әрі қарай балабақшада, мектепте, қоғамда қалыптасады. | **Ата-аналардың** міндеті – балалардың жетілуіне көмектесу, тіпті оқу үдерісіндегі ең кішкентай жетістіктерге де қолдау көрсету. Сондықтан **ата–аналар** оқу-бала мен ересек адамның ортақ ісі екенін қашанда есте ұстауы қажет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу | **Саусақ жаттығу.**<br>Құстар қанат қағады<br>Құстар ұшып барады,<br>Көкте қанат қағады.<br>Барлық құстар қосылып,<br>Шиқ-шиқ-деп, ән салады | Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған әзіл-жаңылтпаштар<br>ер-ер-ер<br>Қасиетті жер.<br>Төгілді көп тер.<br>Жемістерді тер.<br>Аға соңынан ер.<br>Сұрағанын бер.<br>лау-лау-лау<br>Желбірейді жалау<br>Лапылдайды алау<br>. | Дидактикалықойын:<br>**«Танысу».**<br>Балалар аттарын айтып,қуыршақпентанысады.<br>– Сенің атың кім?<br>– Менің атым –.<br>– Менің атым –.<br>– Менің атым –<br>-Сен нешедесің?<br>-Менімен дос боласың ба? | **Топтықжұмыс.**<br>Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады. Тәрбиеші балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды.<br>Тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар.Онданеболуы мүмкін? Оны бояңдар.<br>Тапсырманы орындайды– бір қорапты таңдап, оны бояйды. |
| **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. ұлттық ойындар<br>**(күн сайын)** | **«Сақина салу».**<br>Мақсаты: Балалардың қимыл белсенділігін, ойында ынтасын<br>арттыру. К/к құралдар: сақина. Шарты: Дөңгелек ортасында тұрған жүргізуші, алақанының арасына сақинаны салып, қалған ойыншылардың<br>алақандарына салған болып шығады. | **« Айгөлек.»**<br>Мақсаты: жастардың денесін щынықтыруға, ұстамдылыққа, күштілікке тәрбиелейді.<br>Барысы: Ойын тәртібі: жиналған балалардың ішінен екеуі шығып, басқаларды екіге бөледі де, әрқайсысы өз тобын<br>басқарады. Басқарушылар екі топты бір-біріне қарама-қарсы 3-4 метр қашықтыққа қаз-қатар тұрғызады | **«Түйе-түйе»**<br>Мақсаты:<br>К/к: түйенің, боталардың маскалары .<br>Барысы: Ойыншылар екі топқа бөлінеді. 1-топтың адамдары — адамдары — бірі інген де, қалғандары боталар. 2-топтың ойыншылары ойын жүргізушісінің әмірімен жан-жаққа бытырайды да, інгеннің боталарын бір-бірлеп ұрлайды | **«Теңге ілу»**<br>Барысы: Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі.Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді.<br>Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады.Одан әрі 20-30 метрдей жерден терендігі бір карыстай екі шұңқыр қазылады.Шұңқырға он-оннан тас салынады.Содан екі топтан екі сайыскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады.Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып,шаба жөнееді.Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып,әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. | **«Бәйге»**<br>Шарты: Әр топтың алдына 3 - 4 м қашықтықта межелер белгіленді. Екі топтың балалары ( арақашықтық2м) сап түзеп тұрады. Бұл ойында жұптасып жарысады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс. |
| Таңертеңгі жаттығу | **«Шапалақ»**<br>Б.қ: Аяқтары алшақ, қолдары төмен. | **«Батут»**<br>Б.қ: Аяқтары алшақ, қолдары төмен. | **«Тізе астынан шапалақ ұру»**<br>Б.қ: Арқасымен жату, | **«Табанға дейін созыл»**<br>Б.қ: Тізерлеп тұру, қолдарын жанына созу | **«Қолынды ауыстыр»**<br>Б.қ: Тігінен тұру.<br>1-2 Отыру, табандарын көтеру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-2 Қолдарын доға тәрізді жоғарыға көтеріліп айналдыру,шапалақ ұру.<br>3-4 Сол жаттығуды аяқтың ұшына тұрып орындау. 6-8 рет қайталау. | Жартылай отырып,өкшелерін еденнен көтермей, қолдарын алға артқа сілтеу. 4-6рет орындағаннан кейін арқаларын тік ұстап қайта 6-рет қайталау. | қолдарын бастарының астында.<br>1-Тізерлеп бүгу, бастарын көтеру, тізесінің астынан шапалақ ұру.<br>Тапсырманы 5 рет қайталау. | 1-2 Оңға бұрылу, оң қолымен сол табанына тию. Сол қолы оң иығында. Қайта оралу келесі қолымен сол тапсырманы қайта орындау. 5 рет орындау. | тізелерін жандарына созыңқырау, бір қолын иығына, екіншісіне жанына созу.<br>3-4 тура солай екінші қолымен қайтару 10 рет қайталау. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық<br><br>**«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау<br>**(Күн сайын)** | **«Мейірімді істер»**<br>атты ойынға шақырамын. Балалар менің қолымда әдемі себет бар осы себетке мейірімді істерді жинаймыз. Ол үшін мынатүрлі-түсті гүлдерді алып үйде ата — аналарыңа қандай көмек көрсететіндеріңді айта отырып гүлді себетке салу керек. | **«Тілге бойлау»:**<br>Шешендікке, әдеби тілге баулу<br>**Мақал мәтелдер»**<br>**Мақсаты:** Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру<br><br>Отан-отбасынан басталады.<br><br>Әке-асқар тау. | **Жазу дағдылары**:<br>Көлденең және тік сызықтарды салу, дөңгелек пішінді заттарды бейнелеуді үйрету<br>**«Суреттер сыры »Мақсаты:** Суретті үлгі бойынша бояп, эстетикалық талғамын дамыту. | **«Пазл жина» ойыны**<br>Мақсаты: пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды;<br>Шарты : : пазл бөлшектерінен белгілі бір бейнені құрастырады **(математика)** | **«Шатаспай,есте сақта!»** ойыны<br>Мақсаты: Баланың зейінін дамыту,есте сақтауын дамыту.<br>Шарты: Баланың алдына суреттер қойылады,тәрбиеші сол суреттерге қатысты сөздерді айтады,соған байланысты суреттерді табу керек. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Математика негіздері**<br>**Сан және санау**: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау<br>**"Сана - қателеспе!" ойыны.**Сандарды тура және кері санау жаттығуларын жасаймыз. Ойында доп қолданылады. Балалар жарты шеңберге орналасады. Ойын басталар алдында жүргізуші қандай ретпен (тура немесе кері) болатынын келіседі санау. Жүргізуші доп ойнаушылардың біріне лақтырып, нөмірді атайды. Сол,<br>допты кім ұстап алды, әрі қарай санауды жалғастырады. Ойын жылдам қарқынмен және тапсырмалар бірнеше рет қайталанады.<br>**«Көрші-көрші»**<br>Шарты: 10 көлеміндегі сандарды таңдап алып, | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтау<br>**Бір буынды сөздер**: ақ, ат, бақ, бас, доп, тас, топ т.б.<br>**Екі буынды сөздер:** ал-ғыс, а-дал, а-дым, а-зат, ай-бын, ай-на, жа-зық, жаң-быр т.б.<br>**Үш буынды сөздер**: а-за-мат, бал-мұз-дақ, бас-пал-дақ, кө-гіл-дір, сыр-ға-нақ т.б.<br>**Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз біледі?»**<br>Шарты: әр балаға түрлі түсті қаламдары немесе санамақтар, бос стақан беріледі. Сөз айтқан бала, сөзді буынға бөліп, айтқан әр сөзіне бір қаламнан стақанға салып отыруы керек. Бір сөз екі рет қайталауға болмайды. Ойлаған сөздерін буынға бөлгізу. – Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. | **Математика негіздері**<br>"Қанша?", "нешінші?" сұрақтарын ажырату<br>**"Қанша" ойыны**<br>. Тақтаға заттардың саны әр түрлі 6-8 карточка бекітілген. Жүргізуші: "Қазір мен жұмбақ жасап жатырмын. Кім оны тапса, есептейді карточкадағы заттар санды көрсетеді.<br>Жұмбақты тыңда. Өзі жер астында, шашы сыртта өседі. Ол қандай көкөніс? ". Бұл сәбіз деп болжаған ойыншылар карточкаға қанша сәбіз салынғанын санап, көрсетеді<br>4 саны. Фигураны кім тез көтерсе, көшбасшы болады.<br>"Бұл жануар мейірімді және<br>мейірімді, ол сөйлемейді, | **Сауат ашу негіздері**<br>Берілген буынға сөз құрастыру<br>Билингвалды компонент: сызғыш – линейка.<br>Дидактикалық ойын:<br>**«Сөйлемдерді толықтыру»**.<br>Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға)<br>– Қыз құлағындағы әшекей ...(сыр-ға)<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау**. «Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. «Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу.<br>**«Буынға бөл»** дидактикалық | **Математика**<br>Теңсіздіктен теңдік немесе теңдіктен теңсіздік шығару<br>**Бірдей зат түсі, көлемі пішіні бойынша.**<br>.Бұл жерде қандай фигура артық, сұрақ белгісі арқылы тұрған жерде.<br>Салыстыру фигураны орнына қою.<br>Балалардың шығармашылығымен орындалған математикалық тапсырмалар.<br>**1-тапсырма.**3-қатар тұрған шарлардан соңғы қатарда қандай шар жетіспейді? 1-сурет.<br>**2-тапсырма.**3-қатар тұрған жолаушылардан қандай жолаушы жетіспейді?<br>3-қатар үйлердің ішінен қандай үй жетіспейді?<br>**"Сен де осынша көрсет"**<br>**Ойын барысы:**<br>1 нұсқа Тәрбиеші карточканы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көршілерін табады. Ойынға балалар түгел қатыстырылады.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Секіру**: заттардың арасымен секіру.<br>**Музыкаға** сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасау<br>**1.Қ/о«Жануарлар»**<br>Мақсаты:бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіреді.<br>заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеп өтеді.<br>жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен өрмелейді<br>Шарты: жануарлардың суретіне қарап қимылдарын жасайды (дене белсенділігі)<br>**2.Бұрылыс жасап**, бір орындарында екі аяқпен секіру. Секіру барысында тізелерін сәл бүгу керектігіне назар аударады. Музыканың сүйемелдеуімен аяқтың ұшымен серпіліп, ырғақпен секіреді. Бір орындарында тұрып жүреді. 2-3 рет орындайды.<br><br>**Сауат ашу**<br>Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау**. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Тәрбиеші балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, | Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Үлкендерді сыйлау, кішіге қамқорлық таныту.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие<br>**«Мақал-мәтелді жалғастырайық!»**<br>Аймалайтын-анаң қымбат!<br>Асқар тауың+-әкең қымбат!<br>Адал адам-Отанын сүйеді.<br>Отан-оттанда ыстық.<br>Жалыны бар шоқтанда ыстық.<br>**Шаңырақ ойыны;**<br>балалар 4-ке немесе 3 бөлікке бөлініп дөңгеленіп тұрады , орталарында отырғышта төрт бұрышында оюы бар орамал қоямыз.<br>музыка ырғағымен орамалды айнала билеп жүреді, музыка тоқтағанда орамалды төрт бұрышынан көтереді.<br><br>**Сурет салу**<br>**Түстерді өз қалауы** бойынша таңдау; бояуларды қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу<br>**Күзгі орманнын** суретін көрсетіп әңгімелетеді, талдау жасайды, балалар өз ойларын айтады; - күзгі орманның суретін салу жолдарын тәрбиеші түсіндіреді: қағазды көлденең қойып алу, ортасына көкжиек сызығын | бірақ атын біледі, доппен ойнағанды жақсы көреді, жіппен, сүт ішеді, адамдармен бірге тұрады. Бұл кім? Сана канша ".<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айту<br>**Сөздік ойын:**<br>**«Жалғасын тап»**.<br>Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды,солсөзгесөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.<br>Мектеп (әдемі,жарық, таза) Біздің (топ) Біздің топта. (ойыншықтар көп)<br>Біздіңтопта. (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында..(гүлдер) бар.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын дұрыс айту<br>**Дидактикалық ойын:«Кімде не бар?»**<br>Ойын шарты:Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды.<br>Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>Педагог:<br>Балалар,сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістермен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға | жаттығуы Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады. Буынға бөлуге болатын сөздер: күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқу<br>**Күз-жомарт Е.Өтетілеуұлы**<br>Өлеңді логикалық екпінмен,үзілістермен жатқа айтуға дағдыландыру.<br>Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу.<br>**«Ұялы байланыс дүкені»**<br>Сатушы: Сәлеметсіз бе. Сіздерді ұялы байланыс салонында қарсы алуға қуаныштымыз. Бізде телефондардың, планшеттердің, сондай-ақ олар үшін әртүрлі керек-жарақтардың үлкен таңдауы бар. Сізді не қызықтырады?<br>Клиент: Мен әпкемнің туған күніне сыйлық жасағым келеді. Сіз оған қандай модельдер ұсына аласыз?<br>Сатушы: Міне, камерасы бар заманауи, арзан телефон. Түсі ақ және қара. Қызыл түсті қымбатырақ телефон бар. Оның экраны үлкен, жады көп.<br>Клиент: Басқа нәрсе бар ма?<br>Сатушы: Әрине. Мына үлгіні қараңыз. Ол өрнегі бар ақ түсті, жұқа, экраны үлкен және интернеті бар.<br>Клиент: Жақсы. Бұл телефон қанша тұрады?<br>Сатушы:1000 теңге (бала ойымен).<br>Клиент: Мен бағаға | көрсетеді де, алып қояды. Балалар карточкада неше фигура, ою-таңба бар екенін айтып, сонша жалауша немесе басқа нәрсе көрсетуі тиіс. Тапсырманы дұрыс әрі тезірек орындаған қатар жеңімпаз аталады.<br>2 нұсқа Тәрбиеші бірнеше рет алақанын соғады. Балалар оны зейін қоя тыңдап, одан соң сонша жалауша көрсетеді.<br><br>**\Қазақ тілі**<br>Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау.<br>**Е.Өтетілеуов «Күшік».**<br>**Мақсаты:** Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Е.Өтетілеуов. «Күшік».<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап<br>**КҮШІК сөзіндегі дыбыстардың орнын анықтау.**<br><br>**Музыка**<br>музыкалық фразалардың арасында тыныс алу<br>**Жалаушалармен жаттығу.**<br>1. Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2. Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.<br>3. Жалаушаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу.<br>4. Жалаушаны ұстап жүру.<br>**Міне үлкен пирамида** (созылу)<br>Ал көңілді доп үнді (орнында секіру)<br>Жұмсақ аю ебедейсіз (қадамдар орнында, аяқтың сыртында)<br>Барлығы үлкен қорапта тұрады (үлкен қорапты көрсет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді<br>Дидактикалық ойын: **«Ненің дыбысы?»** Ойын шарты: Тәрбиеші үнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы екенін табу керек<br>Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады.Балаларбір-біріне доплақтырып,«А», «Қ» дыбысынан басталатын сөздерді айтады.<br>**«Қайтала»(доппен)** дидактикалық ойыны – Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: тттиін(т), қққасқыр(к), бббаққа(б)<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Әдеби жанрларды ажырату.(ӘҢГІМЕ жанры)<br>**Кішкентай бағбан**<br>М. Төрежанов Әңгіменің эмоциялық - бейнелік мазмұнын жеткізе баяндауға баулу Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап,бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Әңгіме ұнады ма? – Әңгіме не туралы? – Авторы кім? – Садық бауда не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не | сызу, жақыннан көрінетін ағаштар үлкен, алыстағы бейнелер кіші болып салынатын, бояу түстерін таңдауға бағыт беріп түсіндіріледі; балалардан күзгі орманның суретін салу үшін неден бастау, ағаштарды қалай салу керектігі сұралады; балалар дәптермен жұмыс жасайды, суреттерді салып, бояу түстерін дұрыс таңдауға бағыт беріледі; ағаштарды салуда алдымен діңін, содан кейін бұтақтарын салып аламыз да ең соңынан жапырақтарды саламыз; жапырақтардың түстері күзде қандай болады: сары, қызғылт сары, қоңыр, кейбір жапырақтар қызыл түске де бояладі т.б.; ол үшін қылқаламды сары түсті бояуға батырып аламыз да, сүйкей жағу тәсілімен бұтақтарға дақ түсіреміз (өзі үлгі түрінде бірнеше жапырақ салып көрсетеді).<br><br>**Музыка**<br>қарапайым музыкалық жанрларды ажырату **(күй, ән, би, марш)**<br>Көңілді **маршпен** кіреді.<br>Атша шабуға үйрету, оң аяқ алда, сол аяқ оң аяқты қуатынын түсіндіру.<br>Қимылмен көрсету. Аттың шабысын салып жүгірту.<br>Музыкалық-ырғақты қимыл:**Би** Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.<br>**Ән айту**. Кел балалар, шапалақтап Алақанды ұрайық. Жаңылғанды ортаға ап, Бір өнерін сұрайық. Қ – сы Ла – ла – ла – ла, Балақан. | болады. Ал сатып ала алмайтын заттарда бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіндер.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу.<br>**Түсіндіру мен көрсету**: допты алдыда ұстап тұру, жоғары лақтыру және саусақтарымен қағып алып, кеудесіне қысу. Жаттығуды топқа бөлініп орындайды.<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату**: допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алу.<br>**Қ\о: «Төбеде доп қуу»**<br>Мақсаты:Балаларды шапшаңдыққа,дербес қимыл әрекетке үйрету.<br>Шарты: екі топқа бөлінеді,әр топтың балалары бірінің артына сапқа тұрады,капитандар допты басынан асыра ұстап тұрады.белгі берілгеннен кейін артындағы балаға допты басынан асыра беріп,тез-тез жалғастыру керек.<br>**Е\о: «Тым-тырақай»**<br>Мақсаты:шашырап жүгіру дағдысын нығайту.<br>Шарты:тәрбиеші санамақ арқылы айтады:бір,екі,үш ал енді тым-тырақай дегенде балалар жан-жаққа шашырап жүгіреді. | қанағаттанамын. Мен аламын. Сатып алуды ұйымдастырыңыз.<br>Сатушы: Мұқабаны таңдаңыз, ол сыйлық ретінде беріледі және кассаға барыңыз.<br>Кассир: Бұл кепілдік талоны. Егер телефон тез бұзылса, біз оны ақысыз жөндейміз. (сатып алуды ұйымдастырады)<br>Кассир: Сатып алғаныңызға рахмет. Тағы келіңіз. Қош бол.<br>Клиент: Рахмет! Қош бол.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:** бір қатарға бір-бірден тұра алады, бір орында бұрылу;<br>Сапқа және тізбекке бір-бірден тұрады, тізбекпен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру; тоқтамастан баяу қарқынмен жүгіру (1,5 минут)<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>«Біз спортпен айналысамыз, сондықтан жылдам өсеміз» – қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру – тыныс алу.<br>«Күннен-күнге бойымыз өсіп барады» – қолды төмен түсіріп, барлық табанмен еденге түсу – дем шығару. Сап түзеп залдың бір шетінен қарама-қарсы жаққа жүру. Екі-екіден тізбекке, сапқа тұрады, Қарама-қарсы жаққа жүреді, жүгіреді, адымдарын байқап басады, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім зейінді?»**<br>. Капитанның артынан төрт тізбекке тұру. Спорт түрлеріне байланысты төрт командаға бөлінеді (балалардың қалауы бойынша). Капитандардың қолдарында доп болады (төрт капитан – төрт түсті доп). Балалар зал бойынша жүгіріп | Бірақ мен төсекке жатқанда (қолдар щек астында, көзімді жұм)<br>Барлығы ойнай бастайды (кез келген қозғалысты бейнелейді)<br>**Бір – екі – бір – екі!** (қолды алға созып, еңкейіп)<br>Ал үстіне су құйыңыз, бір - екі - бір - екі! (қолды жоғары көтеру, құюға еліктеу)<br>Сосын орамалмен, бір – екі – бір – екі!<br>Бір – екі – бір – екі деп өзімізді ысқылауды ұмытпайық! (орамалмен ысқылауға еліктеу<br><br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>Сөздерге ауызша дыбыстық талдау жасау.<br>**«Қандай мамандық иесі?» ойыны.**<br>Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды. Сіздің кекіліңізді қысқа қию керек пе?...(шаштараз) Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ...(мұғалім) Рульді оңға бұрайын...(жүргізуші) Сурет салуға қылқаламдардайындадым...(суретші)<br>Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін...(дәрігер) Қанша килограмм кәмпиттөлшейін?...(сатушы) Сізге қандай көйлек тігу керек?..(тігінші)<br>Мамандық иелеріне ауызша дыбыстық талдау жасау.<br><br><br>Бала тілін дамыту **(вариатив)**<br>«Буын, дыбыс.<br>Саусақ жаттығуы «Кірпі . Буын, дыбыс туралы түсінік. Дыбыстан буын, буыннан сөз құрату. Сөзді буынға бөлу, буынның дыбыстық құрамын ажырату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсетті? – Садық неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті?–СадықҚалелгеэкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). –«Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз?– Садықтыңжасаған еңбегін қалай бағалайсың? – СенҚалелдіңорныңдаболсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды . | Ла – ла – ла –ла, Алақан. Бәрі қол шапалақтап, өлең қайырмасын айтып тұрып, кінәлі баланы бақылайды. Оны тапқан кезде, айыбына ән, би, немесе тақпақ сұрайды. Кінәлі бала айыбын өтеген соң, ойын одан әрі жалғасады. | | жүріп, белгі берілгенде тізбекке келіп тұрады. Сонан соң көздерін жұмады, осы кезде капитандар орындарын ауыстырады. Белгі бойынша өз капитандарын жылдам табулары және капитанның артына бір тізбекке тұрулары тиіс | |
| Серуенге дайындық | Табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу | Жер үлескісінде ойындар ұйымдастыруға жағдай жасау | Балалрдың киімі мен аяқ киімінің ауа-райына сай болуын қадағалау. | Жәй қозғалатын балаларға көмектесу. | Серуенге қажетті құралдарды дайындау. |
| Серуен<br><br>**Қауіпсіздік ережелерін сақта міндетін түсіндіру.** | **1.Ағаштарды және бұтақтарды бақылау.**<br>**Мақсаты;** Күзде жеміс-жидек пісетіндігін, ағаштардың жапырақтары неліктен түсетіндігін түсіну. Күзде ағаштардың жапырақтары не істейді? Түстері қандай болады? Баубақшада ағаштардың жемісі қандай? Оны үлкендер не істейді? Балаларға түсіндіру.<br>**2.Жаңа сөз:** Бау-бақша, бұтақтар.<br>**3. Қимылды ойын:** «Жемістер дүкені»<br>**4.Жеке жұмыс:** 4-5 балаға жемістер мен көкөністерді үйретуді жалғастыру.<br>**5.** Еңбекке баулу: Ауланы сыпыру. | **1.Бақылау.**<br>**Ай мен жұлдыздар.**<br>Күзде ерте күн батады. Кешке қыдырған уақытта ай мен жұлдыздарды көруге болады.<br>**Мақсаты:** Ай әрқашанда көкте тұратынын түсіндіру. Ол түсте көрінбейді, кей кезде кешке де көрінбейді, бұлтпен жабылып тұратынын.<br>Балаларды ай мен жұлдыздың шығуын бақылау. Жасанды спутник,(космонавтар), (шақтар жайлы. Айда тау барын, оны ғалымдар бақылап жатқандақтарын айтып өту.<br>2.**Жаңа сөз**: Ұшқыш, спутник.<br>3.**Қимылды ойын: «Ай мен жұлдыздар»**<br>4.**Еңбекке баулу**: Жерге түскен жапырақтарды жинауға көмектесу.<br>5. **Жеке жұмыс:** 2-3 балаға санамақ үйрету. | **Бақылау.**<br>**Ағаштар.**<br>**Мақсаты:** Балалардың көңілін ағашқа бөліп, ағаштар қозғалмай тыным тұрғанын айту. Күзде ағаштың жапырақтары күннің көзіне әдемі көрінетіндігін (қызыл, сары) айту. Табиғаттың түрлерімен таныстыру (аққайын, терек, алма ағашы). Әр ағаштың жапырағымен таныстыру. Жаңа сөздер: Табиғат, сұлу, қайың, терек.<br>**2.Қимылды ойын:** «Ағашты таны»<br>**3.Еңбекке баулу.** Жерге түскен жапырақтарды жинау.<br>**4. Жеке жұмыс**: Күз туралы тақпақтар айту.<br>**5. Еркін ойындар**<br>Балалардың өз бетінщше әрекеті | **1.Бақылау.**<br>**Құстарды бақылау (қарға)**<br>**Мақсаты:** Құстардың аттарын атап, оларға қамқорлық жасауға үйрету.<br>**Көркем сөз:**<br>Қарға, қарға, қарғалар<br>Қара жерді торғалар<br>Күннің суық кезінде<br>Бұтаға кеп қорғанар.<br>**2. Қимылды ойын:**<br>«Торғай мен мысық»<br>**3. Еңбекке баулу:** Шашылған қу бұтақтарды жинастыру.<br>**4.Жеке жұмыс:** Тақпақтарды жеке сұрастыру.<br>**5.Еркін ойындар**<br>Балалардың өз бетінщше әрекеті | **1.Бақылау.**<br>**Күздегі киімді бақылау.**<br>Мақсаты:<br>Күздегі киім туралы әңгімелесу. Әр киімнің ерекшелігі неде екенін түсінік алу.<br>Жұмбақ:<br>Өздегінен бата алмас,<br>Адам өмірімен қатарлас.<br>Ол болмаса пендеңіз,<br>Тіршілік өмір жасалмас<br>(Киім)<br>2.**Қимылды ойын: «Доп мектебі»**<br>Мақсаты: Допты жерге ұрып, алақанды шапалақтап, оны екі қолмен ұстап үйрету..<br>3. **Жеке жұмыс**: Кез келген балалармен жұмбақты жаттап алу.<br>4. **Үлкендердің еңбегін бақылау.**<br>Мақсаты: Үлкен кісілер күзде қандай еңбек істейді? (білімдерін тиянақтау)<br>5. **Еркін ойындар**<br>**Баланың қалауымен.** |
| Серуеннен оралу<br><br><br>**«Үнемді тұтыну»** – суды, | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттіліктен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір- | Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байыту. | Киімдерінің реттілігін сақтау.<br>Досына көмектесуге үйрету. | Ауа-райы жайлыәңгімелесу, серуендегі қызықтарды әңгімелеуге тарту. | **Мимикалық жаттығу**<br>Мақсаты: Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру<br>**(күн сайын)**<br>**Топта, үйде үнемге үйрету.** | біріне көмектесуге баулу | | | | Балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялар мен білдіруге үйрету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| Балалармен жеке жұмыс<br>(жеке даму картасы бойынша) | Жеке баламен жұмыс:<br>«Қоржынды сәндейміз»<br>Мақсаты: Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру.<br>Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Біртұтас тәрбие: ұлттық мүдде құндылығы:** ұлттық мұраға ұқыпты қарау. | Жеке баламен жұмыс:<br>Құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.<br>Құрастыру<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті<br>(Расул ,Абдурахман ) | Жеке баламен жұмыс:<br>Қаламды дұрыс ұстауға үйрету.<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Қарым- қатынас<br>іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті<br>(Заңғар ,Ахмад) | Жеке баламен жұмыс:<br>«Автобус»<br>Мақсаты:Автобус туралы білімдерін одан әрі жетілдіру.<br>Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Сурет салу<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті<br>(жұптық жұмыс) | Жеке баламен жұмыс.<br>Рек – рек – рек,<br>Ұшты көлден үйрек.<br>Еш – еш – еш,<br>Шақырады әтеш. |
| Балалардың үйге қайтуы | Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу |

# Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:
Оқу ісінің орынбасары: Жакеева . Г.С

МАД сыныбы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 16 -20 Қыркүйек 2024-2025 оқу жылы
Тәрбиеші: Абдыкаликова Г.Г

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік мағызды қалыптастыру, бақылау.<br><br>**Біртұтас тәрбие:**<br>**Ұлттық мүдде құндылығы:** тәуелсіздік және отаншылдық<br>**«Меннің Отаным – Қазақстан»**<br>Мақсаты: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;<br>оқу аптасының басында бірінші ұйымдастырылған іс-әрекетте білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау.<br>**(апта сайын, дүйсенбіде)**<br>**Гимн орындау.** | Отанды жас көрімізде,<br>Туған жер деп сүйеміз.<br>Өйткені онда бәрімізде,<br>Туып өмір сүреміз.<br>Әрбір қазақ баласы,<br>Өзім сонда тұрар дер.<br>Бұл қазақтындаласы,<br>Ата-бабам туған жер.<br>Отан- ол біздің еліміз,жеріміз,туымыз,табиғатымыз,айналадағы қоршаған ортамыз.<br><br>**БТҚБ: Ұлттық мүдде**:<br>Рухани-адамгершілік касиеттерді тәрбиелеу: отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру; | Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз,<br>Қонақтарды көргенде,<br>Сәлеметсіздерме! – деп<br>Сәлемдесіп аламыз.<br>Амансыңба, асыл күн!<br>Амансыңба , асыл жер!<br>Амансыңба, көк аспан!<br>Амансыңба жан досым!<br>Жылуыма жылу қос , міне менің қолым<br><br>**БТҚБ:Ар-ұят құндылығы: Достарына,құрдастарына камқор болу, адал болу.** | Қол ұстасып қане біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймады қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші жараса.<br>Сәлем саған Жер ана!<br>Сәлем саған Нұрлы күн!<br><br>**БТҚБ: Талап құндылығы**: қоршаған ортаның тазалығын сақтау, табиғатты аялау, жаңаны тану. | «Шаңырақ»<br>Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар.<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар...<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Еркелеймін, еремін!<br>**БТҚБ:Ар-ұят құндылығы:.Өз отбасына деген құрмет,сүйіспеншілікті арттыру.**<br>**«Қауіпсіздік сабағы»**<br>**(апта сайын)** «Есік қағылды. Қауіпті қалай тануға болады?»<br>Балаға **есікті** біреу қаққанда "Бұл кім?" деп сұрауды үйретіңіз. Егер оған ешкім жауап бермесе, **есіктің** "көзінен" ешкім көрінбесе, **есікті** ашуға болмайды. Егер "сантехик, электрикпін" десе де, **есікті** ашпасын. | Амандасу үлкенге<br>Тәрбиенің басығой<br>Ал канекей бәріміз<br>«Сәлем» дейік үлкенге.<br>Біз балдырған тең басқан<br>Дос құшағын кең ашқан<br>Тілегіміз тыныштық<br>Ашық болсын кең аспан<br>Мықты болсын іргеміз Бәрімізде біргеміз!<br>**БТҚБ:Ар-ұят құндылығы: Үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсету.** |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру<br><br>**«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.<br>**(күн сайын)** | Бала тамағының түрлілігі мен нәрлілігін, тазалықты басты назарда ұстай отырып, қимыл-қозғалысты ұлттық ойындарды үйретуді басты назарда ұстаңыз. | Бала қиялын, ақыл-ойын жетілдіретін қазақ ертегілері мен жұмбақ, жаңылтпаштар үйретуді басты назарда ұстау. Сол арқылы бала бойына ұлтының қадір-қасиетін, әдет-ғұрпын біліп өсуінің бастауын қалыптастыру. | Балалардың болашағы отбасыдағы өзара қарым-қатынасқа, ата-аналарының тіршілігі мен еңбек етуіне тікелей байланысты болады, себебі бала өзінің өн бойына отбасында естіп-көрген жақсы мен жаманның бәрін сіңіріп | Баланың физикалық денсаулығымен қоса, дұрыс тамақтануы және санитарно – гигиеналық дағдыларды ұстануы, отбасындағы психологиялық қарым – қатынас та өте маңызды. | «Тұмаудан сақтаңыз»: «Кез келген жағдайға» деп дәрі беру, бұл зиянды алдын-ала қорғау болып табылады. Бала үшін дәрігерді шақыртудан ұялмаңыз. Мұндай алдын-алу зиян келтірмейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | отырады, ата-аналардың жағымды, жағымсыз қылықтарына еліктейді. | | |
| ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ | Аяқ бірге, қолдарын алға созу, жоғары көтеру, жанға созу<br>Қол белде, оңға, солға иілу.<br>Отырайық жүрелеп,<br>Гүлді үзіп алайық.<br>Орнымыздан түрегеп<br>Басқа гүлге барайық.<br>Қолдары белде. Оң аяқпен бес рет, сол аяқпен бес рет секіру<br>Қолдары иықта.Алға, артқа есу.<br>Кілемге жату, аяқты созу, қайшылау, түсіру.<br>Саппен жүріп өту.<br>«Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет» | Сапта тұрып, бірінен кейін бірі тізіліп жүру, жүгіру, аяқ ұшымен жүру.<br>Шеңбер жасап тұру<br>Тік тұрып, қолды алға, жоғары, жанға созу,төмен түсіру.<br>Екі қолды жайып, көбелекке ұқсап ұшу, бір орында ақырын айналу, қону.<br>Қоянша секіру, аюша қорбаңдау.<br>«Балапандар жем шоқыды» жаттығуы: Отыра қалып саусақтарымен еденді тырсылдату<br>Дем алып, дем шығарып, жай жүріспен шеңбер бойы жүру | «Ысқырғыш»:Бірінен соң бірі сапта тұрып бағыт өзгерте жүру.<br>«Шапалақ»: Бытырап жүгіру.<br>Қолдарын алға, артқа тербету.<br>Оңға бұрылып қолды артқа созу, солға бұрлыпы қолды артқа созу.<br>Арқаға жатып, дене бойымен қолды созу, аяқтарын кеудеге тартып тізеден қолмен шапалақтау, қайта қалыпқа келу.<br>Бір орында секіру.<br>Саппен бірінің артынан бірі жай жүріспен | Тізбек қатарға тұру.Қолды белде ұстап аяқ ұшымен жүру.<br>Қолды жанына, жоғары, алға, артқа созу, қалпына келтіру.<br>Қолдарын желкеге айқастыра ұстап, кеудені еңкейту, көтерілу.<br>Қолды алға созып отыру, тұрғанда төмен түсіру.<br>Өкшелерді қосып тұру, отырып тұру.<br>«Ағаш шабушы» жаттығуы: аяқтары алшақ, екі қолды түйістіріп балтамен ағаш шапқандай әрекеттер жасау.<br>Шеңбер бойы жай ғана тыныстап жүру | 1.Жүру,жұптасып жүргізу,бір қатарға тұрып жүру,аяқтың ұшымен жүріп келе жатып қолды жоғары күнге қарай созу.<br>2. «Қол жаттығуы».<br>Екі аяқты иық деңгейіне қою.<br>Оң қолды көтеріп түсіру.<br>.Сол қолды көтеріп түсіру.<br>3. «Тербелу» жаттығуы.<br>Еденге отыру.Аяқтар иық кеңдігінде.Екі қолды артқа қойып тербелеміз.<br>Оң аяқты көтеріп,аяқтың ұшымен түзейміз..Сол аяқты көтеріп,аяқтың ұшын түзейміз.<br>4. «Алға еңкею».<br>Саусақтарды айқастыра ұстап,жерде отыру.Алға иіліп,аяқтың ұшына жету. |
| **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. ұлттық ойындар<br>**(күн сайын)** | **«Соқыр теке»** қимылды ойыны<br>**Ережесі:**<br>Ойыншылар дөңгеленіп тұрады. Бір баланың көзін байлап,<br>ортаға шығарады.Айнала тұрған балалар «Соқыр теке» тиіп,<br>қашып жүреді. Оның қолына түскен бала ойында ары қарай жалғастырады.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. | **«Қарғымақ»** қимылды ойыны<br>**Ережесі:**<br>Балалар екі жақтан екі арқанды ұстап тұрады.<br>Ортасынан балалар біреулеп қарғып секіреді.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. | **«Қыз қуу»** қимылды ойыны.<br>**Ережесі:**<br>Ұл бала мен қыз бала атқа мініп, ереже бойынша бірін – бірі қуады.<br>Қызға жеткен ұл оның бетінен сүюі шарт. Ал, жете алмаса, келесі айналымда қыз ұлды қамшымен ұрады.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. | **«Білектесу»** қимылды ойыны.<br>**Ережесі:**<br>Ойыншылар бір-бірмен білектесіп жарысады. Екі бала бір-біріне қарама-қарсы отырып, шынтағын үстелге тегіс тигізе, қол күштерін сынасады.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды жылдамдыққа, ептілікке, шымырлыққа тәрбиелеу. | . **«Асық ату - алшы»** қимылды ойыны<br>**Ережесі:**<br>Үш бала шығып сақаларын лақтырады. Бірінші кезекте – алшы<br>түссе, екінші кезекте – тәйке түссе, үшінші кезекте – бүк түссе,<br>төртінші кезекте – шік түссе осылайша ойын жалғаса береді.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға асық ойындары жайында білім беру. Асық ату, ойлау дағдыларын қалыптастыру, Ептілікке баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қызды сыйлауға, икемділікке, ептілікке үйрету. | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Қол-қол-қол (қолдарын жанжаққа жібереді). Күзде егін мол (қолдарымен үлкен шеңбер жасайды). Тоқ-тоқ-тоқ (саусақ бастарын бүгеді), Шыбын-шіркей жоқ (қолдарын жандарына жібереді).<br>**(қол жаттығулары)** | **«Көңілдімін»**<br>Тоқтамай зуылдаймын зырн-зырн,<br>Көлікпін дуылдаймын дырн-дырн.<br>Жүремін,айналамын бырн-бырн,<br>Әрқашан көңілдімін сырн-сырн<br>**(тіл жаттығуы)** | **«Кім көп сөз біледі?» ойыны**<br>Ережесі:<br>Балалар дөңгелене отырып көрсеткен суреттер жайында жылдам, тез әңгіме құрайды. «Жел» суреті болса желдің пайдасы мен зиянын айтады.<br>Мақсаты:<br>Балалардың ой-өрісін дамыту. | **«Жолаушылар»**<br>Мақсаты: Балалардың көңілдірін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру | **«Өрмекші мен шыбын»қимылды ойыны**<br>Ережесі:<br>Әуен ойнағанда шыбындар адуындап ұша бастайды.<br>Әуен тоқтағанда олар қонады.<br>Ол қозғалғанда өрмекші олады аңдып, ұстауға шығады.<br>Әуеннің орынына бубен қолдануға болады.<br>Мақсаты:<br>Елестету арқылы баланың өз бетінше бейнелей алуға үйрету. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық<br><br>**«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау<br>**(Күн сайын)** | Ел мен жер егіз.<br><br>Ел іші алтын бесік<br><br>Өнер көзі халықта.<br><br>Еңбек бәрінде жеңбек.<br><br>Еңбектің наны тәтті,<br><br>Жалқаудың жаны тәтті.<br>**(Тілге бойлау,** мақалдар үйрету)<br>**БТҚБ: ұлттық мүдде:** қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. | **«КӨЛІК ТАС ЖОЛЫ (ЖОЛ САЛ)**<br>Мақсаты. Заттардың ерекшеліктерін анықтау қабілетін дамыту, тәжірибелік тапсырмаларды шешуде белгілі ережелерге бағынуға үйрету.<br>Шарты: Балалардың алдына 1 кестесі қойылады ,ал еденге блоктар қойылады. Ойынның тапсырмасы: қалада (пішіндер) автокөліктер мен жаяу жүргіншілерге арналған жолдар салу. | **«ДОМИНО»**<br>***Мақсаты.*** Берілген ерекшеліктер бойынша заттарды салыстыра білуге үйрету, түсін, пішінін, көлемін анықтау. Ойынға төрт адам қатысады. Фигуралар ойыншылар арасына тең бөлінеді. Ойыншылар ойынның ережесі туралы келіседі: қойылған фигураларға басқа түсті фигураларды ғана қоюға келіседі.ойыншылардың бірі (оны санамақ бойынша анықтауға болады) бірінші қадамды бастайды, ол кез-келген фигураны столға қояды. | **Жаттығу ойыны: «Дұрыс сөзін тап!»**<br>Ережесі:<br>«Дөңгелек,тәтті,қызғылт-бұл не?» Заттар бір-бірінен дәмі,мөлшері,түсі және пішіні арқылы ерекшеленуі мүмкін.Сөздердің айтылуын өзгертуге болады.<br>қант тәтті,ал лимон...(қышқыл)»<br>-Қай жануар қалай қимыл зайтаны туралы еске түсір. Қарға (ұшады) балық (жүзеді), шегіртке (секіреді), жолбарыс (ырсылдайды, тышқан (пысылдайды) ал сиыр(мөңірейді) | **Ойын: «Сөзбе сөз».**<br>Ойын ережесі: Тәрбиеші тақырыпты анықтайды; мысалы: «К» әрпі бар жануарлар.Бірінші бала бастайды:крокодил.Келесі бала сол сөзді қайталайды және өзі де басқа сөз қосады,мысалы: крокодил,кесіртке.Осылайша бір бала қате айтпағанша ойнай береді.Ойын тақырыптары болуы мүмкін: өсімдік,тұрмыстық заттар,жиһаздар,ыдыс-аяқтар,тамақ аттары және т/б сөздер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалаушалармен белгіленген аландарда топтар орналасқан. Бұл- әуежай. «Ұшқыштар ұшуға дайындалыңдар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады /еңкейеді/, моторды айландырады /қолдарымен кеуденің тұсында айландырады/, канаттарын жан-жаққа созады, ұшады /әртүрлі бағытта жан-жаққа жүгіреді/. Ұшақтар тәрбиеші «қоныңдар», - деген белгі бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейін қолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4-5 рет қайталанады.<br>**Сауат ашу**<br>Жазу дағдылары<br>**Нүктелерді бастыр.**<br>Тәрбиеші графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Айдын шалқар көлдерде<br>Балықтар өмір сүреді.<br>Шолпылдатып құйрығын,<br>Әрі-бері жүзеді.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Шығарма мазмұнын қайталату<br>**«Қарлығаш пен дәуіт»** ертегісінің мазмұнын сұрақ арқылвы қайталату.<br>**Дидактикалық ойын**<br>**«Не, кайтті?»**<br>**Мақсаты:** Кейіпкер мен оның іс әрекетін үйлестіру. | қасына орналастыруларың керек.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Сазбалшық,** ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін білу<br>**Тақырыбы:Қуыршақ**<br>Мақсаты: сәндік мүсіндеу өнеріне үйрету,сазбалшықпен жұмыс істей білуге үйрету,<br>1.Сазбалшықты сопақша пішінге келтіріп, дене бөлігінің үстінгі жағынан бас бөлігіне арнап ойық жасаймыз, көйлегінің етегін үңгу арқылы кеңейтеміз.Саусақты сулап сылаймыз.<br>2. Сазбалшықтан басын, мойнын,денесін мүсіндейміз. Қалақша көмегімен мойнын денесімен жалғап,тегістеп жымдастырамыз.Саусақты сулап сылаймыз.<br>3. Сазбалшықтың екі бөлігінен сопақшалап қолдарын жасап, денесіне бекітеміз, сылаймыз.<br>4. Сазбалшықты жалпақтап, кескішпен өрнектің жиегін иректеп кесеміз (басына, көйлектің етегіне, қолы, жеңіне жапсыру үшін),сылаймыз.<br><br>**Музыка**<br>жеңіл дауыспен ән айту; әннің сөзін анық айту. Интонация тазалығы. Әрбір адамның есту сезімінен басқа, музыкалық қабілеттің болуы міндетті. Музыкалық есту қабілеті, ол әр дыбысты дұрыс қабылдау, жоғары, төмен дыбыстарды ажыратуы, естуі, әуенді есте сақтауы | Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>**«Түтікше»** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру<br>**Жұмбақ**: Жауып жаңбыр, жерде сабыр, Шөп, жапырақ солады. Айтыңдаршы, бөбектерім , Бұл қай кезде болады? - Қазір жылдың қай мезгілі? - Күз неше айдан тұрады? - Күзді неге «жомарт күз »деп атайды?<br>**Ойын : «Табиғат мейірімді ».**<br>Шарты: Сөйлемді бастап беру. Балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады.<br>-Жер-Ана мейірімді ,өйткені ол ......( көкөністер мен жемістерді өсіреді).<br>-Күн мейірімді, өйткені ол ......( жарығын, жылуын береді).<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Қимылды ойындарды** ұйымдастыруда бастамашылдық таныту. Жарыс элементтері бар ойындар<br>**«Кім жылдам»**<br>**Ойын шарты:** Бірінші ойыншы қолына допты алып , жүгіру арқылы белгіленген орындағы себетке допты алып , қайта орнына жүгіріп келіп, екінші | Өсімдіктер әлемі .<br>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау<br>**«Гүлдерді күтеміз»**<br>Мақсаты:балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту. дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.<br>Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету.<br>**Дид.ойын: «Ағаштарды ата»**<br>Мақсаты: Ағаштар атау, өсімдіктерге күтім жасауға үйрету, олардың пайдасы және биік- аласа ұғымдарын ажырата білуді үйрету.<br>Туған жерінің табиғатын қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу.<br>Көрнекі құралдар: орман ағаштарының суреттері.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар.*** Қол және нық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>**Аяққа арналған жаттығулар.**<br>**Велосипед, самокат тебу**<br>**"<u>Кім жылдам</u>".1. тапсырма -** Балалар арасында жылдамдықпен жүру бойынша жарыстар өткізіледі **велосипедпен жүру**. Кім конусқа тезірек жетсе, оны айналып өтіп, мәреге бірінші болып тоқтаса, сол жеңеді!<br>**Біз жарысымызды бастаймыз,** | ұшатын көліктерді білесіндер? Тікұшақ, Зымыран т.б. Мынау қандай көлік ? Бұл Кеме. Суда жүзеді. Тағы да қайық, яхта да суда жүреді. Мынау қандай көлік? Бұл автобус, жеңіл машина, Газельт.б. Тас жолмен жүреді. Мынау қандай көлік? Бұл поезд, поезд темір жолмен жүреді Айжан жарайсыңдар балалар, - деп қоштасып кетеді.<br>.<br>**Музыка**<br>шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырату<br>**«Музыкалық моншақтар»** ойыны.<br>Ойын барысы: Ойын балаларды қысқа және ұзақ дыбыстармен таныстыру үшін қолданылады. Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.<br><br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>Интонациялық мәнерлілік, өлеңді мәнерлеп, интонациямен жаттауға дайындау.<br>**Күз бояуы Қ.Баянбаев**<br>Самал қозғап қалғанда,<br>Үзіледі сары алма,<br>Шолып едім бақшаны,<br>Қауын біткен сап-сары.<br>Көрінеді шалғайдан,<br>Бел-белестер сарғайған.<br>Сары жапырақ төгілген<br>Тоғайды да көрдім мен.<br>Таза жездей жинаған,<br>Сары бояу айналам. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сөздің гарamматикалық құрылымын дұрыс сақтауға үйрету.<br>**Шарты:** Тәрбиеші оқиға желісіне сай кейіпкерлерді атап отырады, балалар оларға қатысты іс-әрекетті естеріне түсіріп байланыстырып айтады.<br>Мысалы Тәрбиеші:<br>-Жылан..<br>-Көкек...<br>-Қарға...<br>-Дәуіт...<br>Балалар:<br>-Жылан Қарлығаштың балапандарын жейін деп жатты.<br>-Көкек бүркітке қонаққа барады.<br>–Қарға үйленгелі жатыр.<br>- Дәуіт балапандарды құтқарды, жыланды өлтірді. | **Лағым**<br>Шөре-шөре, лағым,<br>Тентек болма, шырағым,<br>Секектеме, демінді ал,<br>Селтеңдемей құлағың.<br>**Тырналар**<br>Аспан ашық, дала кең,<br>Кел, қоныңдар тырналар.<br>Мен сендерге жем берем,<br>Дос болайық, тырналар<br>Трау-трау-трау-трау!<br>**Аралар**<br>Арамыз, біз арамыз,<br>Әнге салып барамыз.<br>Жу-жу-жу-жу-жу-жу.<br>Қызыл, жасыл гүлдерден,<br>Балды сорып аламыз.<br>Жу-жу-жу-жу-жу-жу | ойыншыға кезегін беріп ойынды жалғастырады.<br>Қай топ бірінші аяқтаса сол топ жеңіске жетеді.<br>**«Жүйрік паравоз»** жарысы<br>**Ойын шарты:** Бірінші бала паравоз, қалған балалар вагондары болады. Бірінші паравоз бала белгіленген жерден өзі айналып келіп, екінші баланы ертіп айналып келіп, үшінші баланы ертеді, жарыс осылай жалғаса береді. Жарыс соңында қай топтың паравозы вагондарын жинап мәреге бірінші жетсе сол топ жеңеді.<br>**«Кедергіден өту»**<br>Ойын<br>шарты: Ойыншылар алдарына қатарластырып қойылған кедергілерден тепе-теңдік сақтап өтіп,белгіленген орнына қайта айналып келіп,екінші ойыншыға велеосипедті береді. Ол ойыншы ойынды жалғастырады. | Жарыс әдеттен тыс,<br>Басқалардан тамаша! Біздің сайысымызда мына болат аттар бізге<br>көмектеседі **(велосипедтерді, самокаттарды көрсетеді).**<br>Біздің жарыстарымыздың ұраны: "Біз дене шынықтырумен доспыз, аурудан қорықпаймыз!".<br>Ал қазылар алқасы сіздің шеберлігіңіз бен шеберлігіңізді бағалайды.<br>Назар аударыңыз! Біз спорттық жарыстар ойындарын бастаймыз. Бүгін екі команда бақ сынайды:<br>Әр тапсырманың соңында 1-ден 3 ұпайға дейінгі ұпайлар қойылады.<br>Барлық қатысушылардың дені сау ма?<br>Жүгіруге және ойнауға дайынсыз ба?<br>Олай болса, өзіңізді көтеріңіз, Ескірмеңіз және жалқау болмаңыз, | **Бала тілін дамыту (вариатив)**<br>Отбасы.<br>Саусақ жаттығуы «Күнге ұқсаймыз» Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту.<br>Отбасы тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрауға, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Өз отбасымен байланыстыра отырып, ондағы өз орнын білуді үйретіп, сөздік қорын дамыту |
| Серуенге дайындық | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.<br>**Өзіне-өзі қызмет ету** дағдысын қалыптастыру | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. | . Серуенге ойын құралдарын дайындау. |
| Серуен | **Құстарға бақылау жасау**<br>Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау.<br>**Еңбек:** Құстарға жем шашу, | **Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау**<br>Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа - райымен салыстыру, күздегі өгерістерді айтқызу.<br>**Еңбек:** Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинау. | **Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау**<br>Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге әсер ететіндігін түсіндіру.<br>**Еңбек:** Біздің ойын алаңы<br>Мақсаты: Ойын | **«Қайтқан құстарды бақылау»**<br>Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аудару.<br>**Еңбек:** Сынған ағаш қалдықтарын аула сыпырушының арбасына салып жинау | **Қоңыр күзді бақылау, салыстыру**<br>Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қауіпсіздік ережелерін сақта міндетін түсіндіру.**<br>(серуен кезіндегі қауіпсіздіктерді сақтау: құлап қалмау, қатты жүгірмеу, жердегі лас заттарды алмау,.т.б) | нан қиқымын салу.<br>Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қоюды көрсету, түсіндіру.<br>**Жеке жұмыс**: Торғай, торғай торғайсың<br>Бізге жақын қонғайсың<br>**Көркем сөз:**<br>Сауысқан – сақ құс,<br>Көкек – мақтаншақ құс.<br>Бұлбұл - әнші құс,<br>Көгершін – бейбітшілік құсы.<br>(Экологиялық мәдениет)<br>**Қимылды ойындар: «Өз орынды тап»**<br>Мақсаты: Ептілікке баулу.<br>**Еркін ойындар** | Мақсаты: Өз алдына еңбектене білуге тәрбиелеп, бағыт беру.<br>Балалармен жеке жұмыс:<br>«Жел»туралы тақпақ айтқызу<br>**Қимылды ойындар:**<br>**«Ұшты-ұшты»** (қимыл көрсету); «Тауық пен балапандар» (жүгіру)<br>Мақсаты: Ойын қимылдарын тыңдап орындай білуге, ептіліктерін арттыру.<br>**Көркем сөз:** «Жел тынымсыз гуілдеп<br>Болып кетті тым ұзақ<br>Шуылдайды тал терек<br>Жапырағын жұлғызып»<br>(Экологиялық мәдениет) | алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету..<br>**Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық »**<br>Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:<br>1. Қуаласпақ.<br>2. Тығылыспақ. | Мақсаты: Құстарды қамқорлауға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалармен жеке жұмыс:<br>Құстар туралы жұмбақтар<br>«Құйқылжытып дала күйін,<br>Үй ішіне салады<br>үйін.»(қарлығаш)<br>**Қимылды ойындар:**<br>**«Қайтқан құстар»**<br>Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту.<br>Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету.<br>**Көркем сөз:** «Гу-гу, гу-гу шықты<br>Желдетті де бұлт қуды<br>Жел соққан соң<br>Жел соққандай жұлқынды» | күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру.<br>**Еңбек:** Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру.<br>Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.<br>**Қимылды ойындар:** «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» (жүгіру)<br>Мақсаты: Ойын ережесін бұлжытпай орындауға, шапшаң қимылға баулу.<br>**Көркем сөз:** «Күз»<br>Қара бұлт қабағын түйеді,<br>Бұталар боз қырау киеді<br>.(Экологиялық мәдениет)<br>**Еркін ойындар** |
| Серуеннен оралу<br><br>**«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру<br>**(күн сайын)**<br>**Топта, үйде үнемге үйрету.** | «Не көрдік, не білдік?» ойыны<br>Мақсаты: серуендегі бақылау бойынша берілген сұрақтарға жауап береді.<br><br>**Ток сым арқылы өтеді"** ойыны: Балалар оң және сол қолдарымен жіптегі түйіндерді ұстап, сөздерді айтады:<br>Ток сымдар арқылы өтеді,<br>Жарық біздің пәтерге түседі.<br>Құрылғылар жұмыс істеуі үшін, | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.<br><br>**Үй жағдайында суды ағызып ойнама!** | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.<br><br>**Газ плитасына жоламa, бұрандасын қозғама!** | Достарымен ішке кіру.<br>«Менің досым»<br>**Мақсаты:** Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге тарту.<br><br>**Бөлмеден шыққанда жарықты сөндіріп жүр!** | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.<br><br>**Телефон қуаттағышын токтан сөндіріп қою керек!** |
| Балалармен жеке жұмыс (жеке даму картасы бойынша) | Құстарды танып,атын атауға үйрету. | Түстерді ажыратуға үйрету.<br>Д/ойын: «Түстерді топтастыр» | Қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.<br>Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос» | Ермексазбен жұмыс жасауға үйрету.<br>Мүсіндеуден ойын-жаттығу:«Асық» | Түстерді ажыратуға үйрету.<br>Д/ойын: «Түстерді топтастыр» |
| Балалардың үйге қайтуы | Әңгімелесу: "Мектеп жасына дейінгілер және күн тәртібі". | Кеңес: "Сіздің балаңыз серуенде өзін қалай ұстайды?. | Әңгімелесу: "Сіздің балаңыздың тәртібі". | Кеңес: "Спорт және бала". | Әңгімелесу: "Мектеп жасына дейінгілердің сұрақтары". |

# Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:
Оқу ісінің орынбасары: Жакеева . Г.С

МАД сыныбы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезені : 23-27. Қыркүйек 2024-2025 оқу жылы
Тәрбиеші: Абдыкаликова Г.Г

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік мағызды қалыптастыру, бақылау.<br><br>**Біртұтас тәрбие:**<br>**Ұлттық мүдде құндылығы:** тәуелсіздік және отаншылдық<br>**«Меннің Отаным – Қазақстан»**<br>Мақсаты: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;<br>оқу аптасының басында бірінші ұйымдастырылған іс-әрекетте білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау.<br>**(апта сайын, дүйсенбіде)**<br>**Гимн орындау.** | «Туған<br>жерім»<br>Жайлауымдай жазықпын.<br>Әзенімдей өршілмін,<br>Гүлдерімдей нәзікпін.<br>Қуат алған өзіңнен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген,<br>Отанымның гүлімін.<br><br>**БТҚБ: Ұлттық мүдде**:<br>Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу: отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру; | Балалар, шаттық шеңберіне жиналайық! Шеңберге тұрайық, достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл-күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық!<br>Бір-бірімізге қарап күлкімізді сыйлайық!<br>Қол алысып, қәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу!<br><br>**БТҚБ:Ар-ұят құндылығы: Достарына,құрдастарына қамқор болу, адал болу.** | Сендерді «Шаттық шеңберіне» шақырамын.<br>Кәнеки, бір-бірімізбен амандасайық!<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн!<br>(Қолдарын жайып, көкке көтереді.)<br>Армысың, абзал Адам!<br>(Қолдарын алға созады.)<br>Армысың, менің досым!<br><br>**БТҚБ: Талап құндылығы**: қоршаған ортаның тазалығын сақтау, табиғатты аялау, жаңаны тану. | Біздің күлкіміз көңілді,<br>(қолдарын еріндерінің шетіне жақындатады)<br>Жеткізсін жылу мен шаттықты.<br>(қолдарын жүректерінің тұсына қояды)<br>Бөліскен жақсы ғой өмірде,<br>(қолдарын алға созады, саусақтары күн сияқты)<br>Қуаныш, мейірім, бақытты.<br>(қолдарын екі жаққа созады).<br><br>**БТҚБ:Ар-ұят құндылығы:.Өз отбасына деген құрмет,сүйіспеншілікті арттыру.**<br>**«Қауіпсіздік сабағы»**<br>**(апта сайын)** | Сәлем<br>берем үлкенге»<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп танысты көреміз,<br>Бәріне де ізетпен,<br>Сәлеметсіз бе, ағай? – деп,<br>Сәлеметсіз бе, апай? – деп,<br>Есенсіз бе, апай? – деп,<br>Амансыз ба, атай? –деп,<br>Ұл-қыз сәлем береміз,<br>Өнегелі өренбіз.<br><br>**БТҚБ:Ар-ұят құндылығы: Үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсету.** |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру<br><br>**«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.<br>**(күн сайын)** | Түнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.<br>Отбасымен шешетін мәселелерге балаңыздықатыстырып, оның жеке басының ой-пікірімен санасыңыз.<br>Қателескеніүшінбаланыкекеті п, бетіненалмаңыз. | Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз. | Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. | Балаңызды тыңдауды үйреніңіз.Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз. | Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ | **«Кел,билейік,балақай!»** әуеніне музыкалық жаттығулар жасау. Музыка ырғағын дұрыс тыңдап,сезінуін қадағалау. | **Балалармен амандасу** Тәрбиешінің артынан шеңбермен жүру. «Орман аңдары» 1. «Аю» Қолды белге қойып, (корбаңдап) табанды нық басып жүру. 2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру. 3. «Көжек» Қолды кеуденің алдында иіп. қос аяқпен секіру. 4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру | **1.«Торғай ұшты»** Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созу, басты оннан солға қарай, төмен- жоғары бұру **2.«Баспалдақ»** Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, 1- 2 қолды белге қоямыз, 3-4 иыққа ,5-6 жоғары созамыз, 7-8 – шапалақтаймыз. Керісінше қайталаймыз. 5-6 р | **«Көбелек қонды»** **1.** Аяқтары нық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. 6р **Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»** **2.** Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /6 рет қайталау/ | **«Қайшы»** **3.**Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./6 рет /**Б. қ.: «Жұлдызша»** **4.** Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет / |
| **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. ұлттық ойындар **(күн сайын)** | **«Асық ілу»** ойыны. Бұл ойынның негізгі мақсаты: Танымдық дағды бойынша бала түске байланысты асықты іліп жинау. Ұлттық құндылық, ұлттық мүдде бойынша баланы ұлттық мұраны насихаттауға баулу. | **Түйілген орамал»** — ұлттық қимылды ойын. **Мақсаты:** Біртұтас тәрбие: талап құндылығы: физикалық дене белсенділігін арттыру. **Ойын шарты:** Ойынға балалар қатынасады. Ойын жүргізу үшін ақ орамал керек. Орамалды ортасынан түйеді. Ойынға қатынасушылар алаңға жиналады да шеңбер жасап айнала тұрады. Ойынды басқарушы тағайындалады. Басқарушы ортаға шығады да, қолындағы орамалды кез келген бір ойыншыға тастайды. Басқарушы "бір, екі, үш деп дауыстағанда , ойыншылар жан- жаққа бытырап кетеді. | **«Сақина салу».** **Мақсаты:** Балалардың қимыл белсенділігін, ойында ынтасын арттыру. **Шарты:** Дөңгелек ортасында тұрған жүргізуші, алақанының арасына сақинаны салып, қалған ойыншылардың алақандарына салған болып шығады. Ойыншылардың біреуінің алақанына сақинаны салып: «Менің сақинам қайда?»- деп дауыстап сұрайды. Сұрақты естіген соң, сақинаны алған бала ортадан жүгіріп шығуы қажет | **«Тақия тастау»** **Мақсаты:** Балаларды затты сезінуге үйрету. Жан-жақтық қа дамыту. шапшаңдық, мұқияттылық тәрбиелеу. **Барысы:** Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп, бір баланың артына білдіртпей тастап кетеді. Сезіп қойған бала жүргізушіні қуып жетуі керек. | **«Ұшты-ұшты!»** **Мақсаты** : есте сақтау, мұқият болу қабілеттерін дамытады, өнерлі болуға баулу. **Барысы.** Ойын бастаушы бала оған қатысушыларды жаңылыстыру үшін тез-тез ұшатын, ұшпайтын заттарды араластырып айтады. Шарт бойынша ойнаушылар ұшатын заттарға ғана қолын көтеруге тиісті. Олар ұшпайтын затқа қолын көтеріп қалса, айыбына өз өнерін көрсетеді |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Күз бояуы»** Мақсаты:Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. | . Алдағы күнді жоспарлау үшін, бүгінгі баланың көңіл-күйі, оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білу. **«Менің ойымша...»** Мақсаты: Сөйлемді жалғастыру арқылы баланың ойын ұғу,баланы ойлауға,сөйлеуге тарту. | **Кітаппен жұмыс «Аспазшы»** Мақсаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіру **Сөйлеуді дамыту** Қарым- қатынас іс –әрекеті | **Дербес ойын «Мозайка»** Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыру. **Құрастыру** Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Суреттік бояулар** **«Кім,қайда өмір сүреді»** Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. **Сурет салу** Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Зат не үшін қажет?»** дидактикалық ойын | **«Әрекетті бағала»** дидактикалық ойыны. | **«Қармақ»** ойыны Мақсаты: орнында секіру | **«Бөлшектен үй құрастыр»** дидактикалық ойын | **«Әрекетті таңда»** дидактикалық ойыны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау<br>**(Күн сайын)** | Мақсаты: балалардың тапқырлығын, белсенділігін және ойлау дербестігін дамыту; балалардың тұрмыстық заттардың, құралдардың маңызы туралы білімін бекіту; оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу<br>(қоршаған ортамен танысу) | Мақсаты: сюжеттік суреттердің көмегімен балалардың жақсы және жаман істер туралы идеяларын дамыту; іс-әрекеттерді сипаттау және бағалау; сезімталдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу. | жаттығулары: ептілікті, қимылдарды үйлестіруді, зейінді дамыту | Мақсаты: үй мен автобустың бөліктерін табуға үйрету; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, табандылықты дамыту | Мақсаты: балалар сөздігінде етістікті белсендіруді жалғастыру |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет<br><br>**Қауіпсіздікке байланысты жұмбақтар:**<br><br>Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,<br>Бақырайған үш көзі бар бірақ та.<br>(Бағдаршам)<br><br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырықпен түзеткен.<br>(Жол полициясы) | <u>**Математика негіздері**</u><br>Өсу және кему ретімен орналастыру.<br>**Үлкен-кіші.» Мақсаты:** таныс заттарды көлеміне қарай( үлкен-кіші) және санына қарай ( бір-көп) салыстыруды үйрету, қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді дамыту.<br>**Затты сипаттау»**<br>Мақсаты:Заттарды көріп сип аттау арқылы шамасына қарай орналастыра біледі.<br>Шарты: Балалардың алдына әртүрлі заттар қойылады.оларды өсу,кему ретіне қарай орналастыру керек.<br><br><u>**Дене шынықтыру**</u><br>**Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:** екі бала жұптасып жасау.<br>**Футбол** элементтері.<br>**«Қақпаға дәлде»** ойыны<br>Мақсаты: Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.<br>Шарты:допты белгіленген қақпаға қарай дәл тебу, алмасып, кезектесіп ойнау. | <u>**Сауат ашу негіздері**</u><br>Қаламды дұрыс ұстау<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Он саусақ.<br>Жалғыз саусақ тіпті де,<br>(сұқ саусақты ашып жұмамыз)<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті,<br>(бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды,<br>(бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз)<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ!<br>(он саусақты көрсетеміз)<br>Қала салсақ, жол салсақ.<br>(қолымызды алдыға қарай созамыз)<br>М. Әлімбаев<br><br><u>**Қоршаған ортамен таныстыру**</u><br>Жануарлар әлемі.<br>Көлік, байланыс құралдары.<br>Жол қозғалысы ережелері<br>. «Жол әліппесі»<br>Мақсаты: балаларды алдын ала көшеде жүру ережесі және жүргізушіге арналған жол белгілерімен таныстыру. | <u>**Математика негіздері**</u><br>Заттарды салыстыру<br>**«Не ұзынырақ,қысқа,жіңішке,жуанырақ?»**<br>Мақсаты. заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу,көлемін салыстыру.<br>Шарты: балалар көлемдері бірдей заттарды топтастыру керек.<br>**Қ\о: «Кім тез айтады?»**<br>Мақсаты: Қойылған сұраққа тез жауап беруге баулу,ойлау қабілетін дамыту.<br>Шарты: Тәрбиеші керік ұзын ба,елік ұзын ба? Жіп жуан ба,арқан жуан ба?т.т сұрақтар қояды,балалар тезжауап айтуға талпыну керек.<br><br><u>**Сөйлеуді дамыту**</u><br>Сөздерді сан есімдермен үйлестіру<br>**Қадамдар»** ойыны<br>Мақсаты: қадамдарын санау арқылы әдепті сөздерді үйренуге және сөзді сан есіммен байланыстыра сөйлеуге | <u>**Сауат ашу негіздері**</u><br>Жазу парағында бағдарлау **негіздері**<br>Жазу кезіндегі ережелерді сақтау.<br>**«Хатты таңда»** ойыны<br>Мақсаты: балаларды тапсырма бойынша жұмыс жасауға дағдыландыру,жазу ережелерін сақтауға үйрету.<br>Шарты:Балаларға үшбұрышталған хаттар беріледі,хатта тапсырмалар болады (жазу бойынша ирек сызықтар,штрихтар,т.б),тапсырманы белгіленген уақытта аяқтау керек.Қай бала тез және дұрыс орындаса сол бала көшбасшы болып ойынды басқарады<br><br><u>**Көркем әдебиет**</u><br>Мәнерлілік құралдарын қолдану (интонация, дикция, эмоционалды қабылдау,т.б)<br>**«Кім көп біледі?»**<br>Мақсаты: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдау,жанрларды ажырату,(ертегі,әңгіме, өлең)<br>Шарты: Таныс ертегінің әр жерінен бір айту керек,бала табу керек. Мысалы, | <u>**Математика**</u><br>Геометриялық пішіндер<br>**«Дөңгелек,шаршы, тіктөртбұрыш,үшбұрыш»**<br>Мақсаты: Жазық және көлемді геометриялық пішіндерді біледі,атайды,дөңгелек пен тіктөртбұрышты салыстырады.<br>Жұмбақтар:<br>Өзі допқа ұқсайтын ол қандай пішін?<br>-Үйдің шатыры тәріздес пішін қалай аталады?<br>-Үй терезесіне,есігіне ұқсайтын пішінді қалай атаймыз?<br>**«Сандарға үй жасаймыз»**<br>Шарты: Әр балаға ішінде геометриялық пішіндер бар хатқалта беріледі,берілген пішіннен үй құрастыру керек.<br>**Е\о: «Кубик ойыны»**<br>Шарты: Пішіндер кілемшесінің үстіне кубик лақтырылады,қай пішін түссе сол пішіндермен кілемше үстімен жүріп отыру керек.<br><br><u>**Қазақ тілі**</u><br>Әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға баулу<br>**«Жалпы атауын бер"**.<br>Мақсаты: Сурет бойынша қойылған сұрақтарға түшімды жауап беруге баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын**<br>**«Допты қуып жет»**<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де аланның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады.<br><br>**Сауат ашу**<br>Сөздерге ауызша дыбыстық талдау жасау<br>**«Сөз айт және өзіңді тыңда»**<br>. Бала бөлшектейтін сөзді дауыстап айтады. Сөздің дыбыстық құрылымын оны айтудан басқа ұсынудың басқа жолы жоқ. Дыбыстық талдау жүргізу үшін алдымен бір буынды, содан кейін ашық буынды қос буынды сөздер, содан кейін үш буынды және қос буынды сөз тіркестері таңдалады. күшті позициялардағы фонемалардан тұратын дауыссыз дыбыстардың бірігуі, мысалы, ҰЛ, ТАБАН, ҚОЛ, ҚАҒАЗ, ТАРАҚАН, СТАҚАН, ТОСТАҒАН.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Себеп-салдарлық байланыстарды ажырату.<br>**«Тілші»**<br>Мақсаты: сұраққа жауап алу арқылы бала сөйлеуге тарту.Тілдің грамматикалық құрылымын дамыту.<br>Шарты: Сурет көрсету арқылы сұрақтар қойылады.<br>-Бұл кімнің үйі?<br>-Бұл үйде кім тұрады деп ойлайсыңдар?<br>-Неге бұл үйде тышқан | Шарты:серуенге шығу арқылы ұйымдастыруға болады, біреуі жүргізуші,гай қызметкері болып ойынды бастайды,көлікті қоюға болмайтын жерлерді көрсетеді,айыппұл салады.<br><br>**Музыка**<br>қазақ халқының күйші, композиторлары.<br>Күйшілер жайлы түсінік беру, домбыра аспабымен ойналынатын күй жанры жайлы тереңірек түсінік беру.<br>**Жұмбақ**<br>Қос қазық,екі желі,сегіз ноқта<br>Сөйлейді шежіредей адам соқса<br>Тағы бір мінезі бар таңғажайып<br>Еш уақыт сөйлемейді адам жоқта **(Домбыра)**<br>**«Жоғалған аспап»**<br>Мақсаты: Аспаптардың атауын есте сақтауға,түрінен ажыратуға үйрету.<br>Шарты:Металлафон,сырнай ,дауылпаз,үшбұрыш,домбыра ,сылдырмақтар…т.б.үстел үстінде тұрады.Балалар көзін жұмады.Осы кезде Бір бала бір аспапты жасырады. Көздерін жұмған балалар көзін ашып,жоғалған аспапты атауы керек.<br><br>**Жапсыру**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын тану, оларды қиып жапсыру, ою-өрнектермен безендіру<br>**Дидактикалық ойын** «Киіз үй» ойнатылады.<br>Көтеріліп шаңырақ (қолдарын жоғары көтереді)<br>Уықтары шаншылып (қолдарын жоғары көтереді) | дағдыландыру.<br>Шарты: 1 бала шығады,бірінші қадам-мен әдепті боламын,екінші –анамды тыңдаймын,т.с солай санау реті арқылы жақсы 5 сөз айту керек,<br>**«Сенің бауырларың неше жаста?»**<br>.(Сұрақ-жауап ойыны)<br>-Сенің інің неше жаста?<br>-Менің інім 3 жаста,т.б<br><br>**Қазақ тілі**<br>Дикцияны дамыту (өтірік өлең)<br>Мақсаты: өтірік өлеңдерді тыңдау,жаттау арқылы көңіл-күйін бере білуге,дауыс дикциясын жасай білуге үйрету.<br>«Қоян»<br>Қоян келіп жолбарыстың,<br>Терісін сыпып алыпты.<br>Сол теріден мойнына,<br>Шәлі тоқып алыпты.<br>«Есек»<br>Есек мініп тышқанға,<br>Айға ұшып барыпты.<br>Айға сәлем берем деп,<br>Қалпағы түсіп қалыпты.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Арқаға арналған жаттығулар.**<br>Ұлттық қимылды ойындар.<br>**«Қара құлақ»**<br>Ойынға 5-10 бала қатысады.Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді.Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады.Басқалары әрі кетеді.Содан кейін<br><br>ойынға қатысушылапр қазықты алыстан қоршап | әже,ата,бауырсақ...<br>лақтар,қасқыр...<br>қоян,түлкі,жылады,алдады.<br>Жалпы әр ертегіден үзінді айтып кейіпкердің мимикасын беру.<br>**Қ\ж: «Менің сүйікті кейіпкерім»**<br>Мақсаты: баланы театр әлеміне баулу,қабілетін ашу,қызығушылығын арттыру.<br>Шарты: Таныс ертегіні сахналату,өз таңдауларына салу.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Мемлекеттік рәміздерді білу; мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсіну<br>Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы толықтырып түсіндіреді және оларға құрметпен қарау керектігін айтады.<br>Балаларды екі орталыққа бөледі. Бірінші орталықтағы балаларға күннің суретін салуды, екінші орталықтағы балаларға «Арайлы менің - астанам» тақырыбында суретке қарап әңгіме құрастыруды тапсырады.<br>**ЕЛТАҢБА**<br>Бейнелеп сан ғасырды<br>Елтаңбасы елімнің,<br>Таратады хас үлгі<br>Киесіндей жерімнің.<br>Бабам тұлпар жаратты,<br>Құлынында танып-ақ.<br>Тұлпар барда қанатты,<br>Шайқалмайды шаңырақ.<br>Тәуелсіздік көркі ол да,<br>Өркениет өрінде.<br>Нұр төгеді ЕЛТАҢБА<br>Ақ орданың төрінде.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Спорттық жаттығулар**<br>**Спорттық ойындар.** Баскетбол элементтері<br>**«Жоғары-төмен лақтыр!»**<br>Шарты: Жетекші допты сәл | Шарты:<br>Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды.<br>(жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, қыздардың және ұлдардың киімдері)<br>**«Суреттерді орналастыр»**<br>«Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу<br>Мақсаты: үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>Марш сипаты<br>**«Кім не істеп жатыр?»**ойыны<br>Мақсаты: Балалардың музыкалық жанрлары туралы білімдерін дамыту.Ән,би,маршты ажырата білуге баулу.<br>Шарты: Тәрбиеші үш түрлі әуенге сәйкес үш түрлі сурет көрсетеді.Балалар музыканы тыңдай отырып, кім қандай жанрда өнер көрсетіп жатқанын айтады.<br>**«Жас ұландар»** маршы өлеңін айту.<br>(сөзі: Б.Тәжібаев,әні: И.Нүсіпбаев)<br>Біз-бейбіт ел ұланы,<br>Өнер,білім ұраны.<br>Алдымызда жақсы арман,<br>Күлім қағып тұрады.<br>Қ-сы:<br>Біз-батыл ел жастары,<br>Бақыт алға бастады (2 рет)<br><br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Сөздерді сын есімдермен үйлестіру**<br>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз)<br>Сұрақ-жауап өткізу:<br>-Сенің көйлегіңнің түсі қандай?<br>-Неге әжелердің сөмкесі үлкен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрмайды?<br>-Неге піл тұрады?<br>Күтілетін нәтиже:<br>Балалар сұраққа тез жауап беруге тырысады,шапшаң ойлауға, зеректікке үйренеді.<br>Қ\о: ««**Дүкенші**»<br>Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнау,бір-бірімен сөйлесуді жетілдіру.<br>Шарты: бала дүкенге зат алуға барады,бағасын сұрайды,жарамдылық мерзімін сұрауды үйренеді<br><br>**Мақал-мәтелдер**<br>**(«Тілге бойлау»** бағыты бойынша)<br><br>Мейірімділікті анадан үйрен,<br>Әділдікті данадан үйрен.<br><br>Өзіңе лайықты нәрсені ал.<br>Еңбек етсең – нан да, сүт те болады. | Керегелер керіліп<br>(алақандарын ашады )<br>Өрім дей болып өрілер<br>(қолдарын белге қояды)<br>Бәріміз бірге жүрсек<br>айналып, киіз үй болып<br>көрінер.<br>**Бейнеролик көрсету:**<br>**Киіз үйді тігу**. Алдымен керегені жаяды. Кереге бірнеше қанаттан тұрады. Одан кейін шаңырақ көтеріп, уықты байлап, баумен бекітеді. Сосын оның ішкі жабдықтары: кілем, түс киіз, сырмақ, сандық, шымылдық тағы басқа айтылады. Сосын балалар жұмыстанады. | бірте-<br>бірте жақындай түседі<br>Таяп келіп мынау кім? –<br>деп бір-<br>бірінен сұрасады.Біреуі<br>ойбай бұл қарақұлақ қой<br>!-<br>деп қаша жөнеледі.Қалға<br>ндары да –<br>қарақұлақ,қара құлақ!-<br>деп бытырай қашады.Қар<br>ақұлақ біреуін ұстау үшін<br>тұра қуады.Ұсталған<br>бала қарақұлақ болып,<br>ойын әрі қарай<br>жалғасады. | жоғары лақтырып қағып алады.Балалари нұсқау бойынша оданда жоғары лақтыру керек.<br>**«Адасқан доп»**<br>Мақсаты: қозғалыс ойындарында ережені сақтауға,көрсетілген,берілген тапсырманы нұсқау бойынша орындауға дағдыландыру.<br>Шарты: Балалар дөңгелене тұрады,бір-біріне аяқтарымен допты береді.Сырттағы бала допқа қолын тигізуге тырысады,егер ұсталып қалса орнына сол бала ауысады<br>**Қим.о: «Доп қуу»**<br>Шарты: Екі топқа бөлінеді,әр топтың ойыншылары бірінің артына сапқа тұрады.Капитандар бір-бір футбол добын алып,оны екі.аяғымен қысып межеге жеткізу керек. Жетекшінің нұсқауымен допты келесі балаға тез-тез жалғастыру керек. | болады?<br>-Ананың пісірген тамағының дәмі қандай? Т.т<br>**«Өз үйінді тап»** ойын<br>Мақсаты:Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.<br>Шарты: Балаларға екі түсте боялған қағаздан жасалған үй беріледі,түстеріне,кқлемдеріне қарай заттарды дұрыс орналастыру керек..<br><br>**Бала тілін дамыту (вариатив)**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстар.<br>Тіл жаттығуы «Ағайынды аралар» Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру.<br>Олардың ерекшеліктерін түсіндіру<br>Күз мезгілі туралы өлең |
| Серуенге дайындық | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | Балалар өмірін,денсаулығын сақтау, қауіпсіздік ережелерін еске түсіру.Ойын аланының қауіпсіздігін тексеру. |
| Серуен<br><br><br><br><br><br>**Қауіпсіздік ережелерін сақта міндетін түсіндіру.**<br>(серуен кезіндегі қауіпсіздіктерді сақтау: құлап қалмау, қатты жүгірмеу, жердегі лас заттарды алмау,.т.б) | **Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;<br>әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Ақ киімді біреуі,<br>Сары киімді біреуі,<br>Көк киімді біреуі,<br>Әлем, жәлем киімі,<br>Тағы бірі жүреді. (жылдың | **Күздің алғашқы белгілерін бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту:<br>Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыркүйек»** Ғ. Өкеев<br>Бір-біріне жер, аспан,<br>Мейірлене қараскан.<br>Төкпей-шашпай тасып дән<br>Машиналар асыққан.<br>Ұстаз, шәкірт жүздескен, | **Қайың ағашын бақылау**<br>**Мақсаты**: - Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>**Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз**<br>Сырғалы қайың, ақ қайың.<br>Сырыңды сенің жаттайын.<br>Өсе берші жайқалып, | **Өрмекшіні бақылау**<br>**Мақсаты**: — өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру;<br>айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру.<br>**Көркем сөз**<br>Сенде айтшы өрмекші,<br>Неше аяқ, неше қол?<br>Жауап берші өрмекші<br>Неше аяқ, неше қол?<br>Табандарым жолға тисе,<br>Зымырайды аяқтай.<br>Табандарым өрмек тоқиды<br>Қолдармен өрнек салғандай, | **Күн — жылу мен жарық көзі**<br>**Мақсаты:**<br>күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту;<br>—табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.<br>Психологиялық жаттығу:<br>**«Күншуақ»**<br>Мақсаты: Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну<br>-Бәріміз көзімізді жұмып, күнге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төрт мезгілі)<br>Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу)<br>Қазір жылдың қай мезгілі (күз жайлы әңгімелеу)<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>Адамдар күзде не істейді?<br>Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты:<br>—орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>—экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын «Бәйге».**<br>Мақсаты:<br>Тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру. | «Қош келіпсіз күз» дескен.<br>Берекелі алтын күз,<br>Ұмытпаймыз салтын біз<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>Күзде ауа-райы қалай өзгереді?<br>Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>Адамдар күзде не істейді?<br>Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты:<br>— орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>— экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Қуып жет».<br>Мақсаты: Тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру**<br>**Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру**<br>**Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.** | Мен ерінбей баптайын.<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды?<br>Олардың жапырақтары неге сарғаяды?<br>Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды?<br>Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар?<br>**Зерттеу жұмысы:** қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын **салыстыру, айырмашылықтарын табу.**<br>**Еңбек:**<br>**Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау**<br>**Мақсаты: үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу.**<br>**Қимылды ойын: «Допты ұста»**<br>**Мақсаты: қағып алуға және келесіге беруге үйрету.**<br>**Жаттығу ойындары:**<br>**Мақсаты: Қашықтан келген допты тез қағып алуға үйрету** | Шіркейлерді ұстағанда,<br>Аяқтарым пышақтай.<br>Егер шыбын кездессе,<br>Қағып алам ұзатпай!<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>Өрмекшілердің қандай пайдасы бар? (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларды жейді)<br>Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? (оларға өрмек құрады.)<br>Өрмекші өрмектерін жиі құра ма? (желмен, жаңбырмен тез бүлінеді, сондықтан күнде құрады.)<br>Өрмекшілер жыртқыштар ма? (Иә, олар басқа жәндіктерді жейді)<br>**Зерттеу жұмысы:** Өрмекші торын тауып, қарау.<br>**Еңбек:** «Бархат» гүлдерін аударып, ыдысқы орналастыру<br>Мақсаты: гүлдерге деген қамқорлыққа. әсемдікке тәрбиелеу<br>**Қ/О:** «Үнсіз өт»<br>Мақсаты: Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту<br>Мақсаты: Гимнастикалық бөрене үстімен жүру, тепе-теңдікті сақтау.<br>**Халық болжамы: Өрмекші бұрышқа тығылса жел болады.** | қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз.<br>Сұрақтар:<br>Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек?<br>Күн не береді?<br>Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу көзі. Одан жан-жаққа жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді.<br>Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады.<br>Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан оған тура қарай алмаймыз.<br>**Жаттығу ойындары**<br>**Қозғалыстарын қалыптастыру**<br>**Мақсаты: сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру.** |
| Серуеннен оралу<br><br>**«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру<br>**(күн сайын)**<br>**Топта, үйде үнемге үйрету.** | Күз айындағы ауа райы құбылыстары туралы әңгімелесу.<br><br>**"Бір сөз айт"**<br>Анам кір жууға болады. (кір жуғыш машина).<br>Әкем кілемді шаңсорғышпен тазалай<br>алады. (шаңсорғышпен).<br>Қызы кір үтіктей<br>алады. (үтікпен). | **«Затты сипатта»**<br>Серуеннен келгесін көрген заттарын қағаз бетіне түсіруге көмектесу.<br><br>**"Жұп тап" дидактикалық ойыны** (интерактивті тақтада)<br>Шаңсорғыш – кілем<br>Шаш кептіргіш – шаш<br>Электр ШӘЙНЕК – кесе<br>Үтік – зығыр мата<br>Тоңазытқыш – өнімдер | Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру.<br><br>Тәрбиеші: Мен розетка боламын, ал сендер сым боласыңдар.<br>**Физикалық МИНУТ:** ***"Сымдар"***<br>Балалар қол ұстасып, сапқа тұрады, еңкейеді. Сымның бір | Табиғат құбылыстары жайлы білімдерін тиянақтау,көргендерін әңгімелеуге шақыру.<br><br>**Қауіпсіздік шаралары туралы әңгіме.**<br>Тәрбиеші: Балалар, сендер қауіпсіздік ережелерін білесіңдер ме?.<br>Электр құрылғылары ток соғып, өрт шығуы мүмкін. Сондықтан | Достарымен ішке кіру.<br>«Менің досым»<br>**Мақсаты:** Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету.<br><br>**Жадынама:**<br>1. үйден шыққанда жарықты үнемі сөндіріп тұрыңыз.<br>2. электр құрылғыларын көп қоспаңыз.<br>3. күн шуақты ауа РАЙЫНДА |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әжесі азық-түлікті сыртқа шығарады. (тоңазытқыш). | Тігін машинасы – көйлек<br>Кір жуғыш машина – зығыр мата<br>Бұл электр құрылғыларына электр энергиясы не арқылы келеді? (Сым АРҚЫЛЫ) | ұшында розетка (тәрбиеші), екіншісінде электр құрылғысы (бала).Тәрбиеші экстремалды баланың қолынан ұстайды (электр тогы сым арқылы өтті) Балалар кезекпен тұрып, толқындық қозғалыс жасайды, соңғы бала тұрғанда электр құрылғысы іске қосылады. Тәрбиеші қолын босатады, балалар отырады, электр құрылғысы өшеді. | үйден шыққанда теледидарды, магнитофонды, үтікті және т.б. өшіру керек.<br>Сіз электр сымын қолыңызбен тарта алмайсыз, тек ашаны ғана ала аласыз.<br>Ешбір жағдайда жалаңаш сымдарға жақындауға, оларға қол тигізбеуге болмайды. Бұл өмірге қауіп төндіреді.<br>Ылғал қолмен электр аспаптары мен сымдарды ұстауға болмайды.<br>Розеткаға ешбір затты салуға болмайды.<br>Ыстық электр құрылғыларына қол тигізбеу керек. | жарықты қоспаңыз.<br>4. шамдарды энергия үнемдейтін шамдарға ауыстырыңыз.<br>5. оларды шаңнан тазартыңыз. |
| Балалармен жеке жұмыс (жеке даму картасы бойынша) | Қаламды дұрыс ұстауда қиналатын баланың қолын жазу дағдысына үйрету.<br>( Расул, Әміре ,Ибрахим ) | Моншақтарды түсіне,көлеміне қарай орналастыру. (танымдық-зерттеу бойынша)<br>(Аяла,Заңғар) | Достарының,тәрбиешінің есімдерін есте сақтау мақсатында жұмыстар жүргізу.(білмейтін баламен) (Сезім ,Расул) , | Тілін түзету-дамыту мақсатында баламен жеке сұрақтар арқылы жұмыс жүргізу.<br>.-Мектепке кіммен келдің?<br>-Қай мезгіл ұнайды? т.т<br>(Жалғас ,Бекасыл ,Райана ) | Құрастыруда құралдарын дұрыс сәйкестендіре білуді пысықтау.(Нұрасхан ,Ахмад ) |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-анаға кеңес:<br>«Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | Психологтің кеңесі:<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.<br>\Ата-анамен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | Ата-аналармен әңгімелесу.<br>Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам»<br>Ашық сабақтың болу мерзімін айтып, киімдерін дайындап қою туралы айту. |

# Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:
Оқу ісінің орынбасары: Жакеева . Г.С

МАД сыныбы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі : 30 қыркүйек- 04 қазан 2024-2025 оқу жылы
Тәрбиеші: Абдыкаликова Г.Г

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау<br>Ойын арқылы оқыту, өмірлік мағызды қалыптастыру, бақылау.<br><br>**Біртұтас тәрбие:**<br>**Ұлттық мүдде құндылығы:** тәуелсіздік және отаншылдық<br>**«Меннің Отаным – Қазақстан»**<br>Мақсаты: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;<br>оқу аптасының басында бірінші ұйымдастырылған іс-әрекетте білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау.<br>**(апта сайын, дүйсенбіде)**<br>**Гимн орындау.** | **Сәлем менің Отаным,туған жерім!**<br>Отан деген – атамекен,<br>Отан деген – туған жер.<br>Отан – ана,<br>Отан үлкен<br>Қазақстан – туған ел!<br>Қазақстан – елім,<br>Ұлан - байтақ жерім.<br>Тәрбиелеп өсірер<br>Өр тұлғалы ерін.<br><br>**БТҚБ: Ұлттық мүдде:**<br>Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу: отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру; | ***"Букет"***<br>Оңға, солға бұрылып, гүлге айнал.<br><u>Біз гүл шоқтарына жиналамыз</u>: екі, төрт, барлығы бірге.<br>Біз қандай әдемі, үлкен гүл шоғын алдық.<br>Сіз оны кімге бергіңіз келеді? *(балалар кезекпен жауап береді)*<br><br>**БТҚБ:Ар-ұят құндылығы: Достарына,құрдастарына қамқор болу, адал болу.** | **"Күлкінді шеңберге тұрғыз"**<br>-Менін көңіл-күйім көтеріңкі, күлкімді саған жеткізгім<br>келеді **шеңберге**<br>(тәрбиеші қасында тұрған балаға, әлгі бала көршісіне күледі, т.б.) | **"Менің досым"**<br>- Қайырлы таң! Барлық балалар жиналды **шеңбер**<br>Мен сенің досыңмын, сен менің досымсың.<br>Қолымызды мықтап ұстайық<br>Ал бір-бірімізге күлейік.<br>Мен саған күлемін, сен бір-біріне күлесің. Күні бойы жақсы көңіл-күйде болуымыз үшін.<br><br>**«Қауіпсіздік сабағы»**<br>**(апта сайын)**<br>**Ойын ойнайық "Полицияға телефон соғыңыз".**<br>(Аты-жөнін айту керек, үйінің мекен-жайын көрсету керек).<br>- Жарайсыңдар!<br>Тәрбиеші: Бұл кейіпкерлер қандай ертегіден? ("Мысықтар үйі"). Ертегінің басты кейіпкеріне қандай қиыншылық болды?<br>(Үй өртеніп кетті).<br>- Бөлмеде өрт шықса, қайда хабарласуым керек?<br>(Өрт сөндіру бөліміне 01 нөмірі және 112 ұялы телефоны арқылы). | **"Сәлем айтайық"**<br>Сигнал бойынша балалар бөлмеде ретсіз қозғалады және кез келген адаммен амандасады, белгілі бір адамдармен амандасады.<u>осылайша</u>:<br>Бір шапалақ- қол шапалақтау,<br>Екі шапалақ –басымен амандасады,<br>Үш шапалақ – арқаларымен амандасады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру<br><br>**«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.<br>**(күн сайын)**<br>**Апта тақырыбы:**<br>**Отбасы тәрбиесі-қоғам негізінің бастауы.** | Отбасы-адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі.<br>Тәрбиенің кілті-отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі.<br>«Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» | Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отының басындағы, ата-ана тәрбиесі. «Баланың бас ұстазы ата-анасы» демекші отбасындағы таным, түсінік қалай қалыптасса, адамның бойында қалатын сол қасиет солай қалыптасады | Отбасында бала тәрбиесіне теріс ықпал ететін факторлардан ата-ана әрқашан аулақ болуы керек. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, жалпы отбасында ұл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше | «Тәрбие – табалдырықтан басталады» нақылы өмірден алынған шындық. Бала тәрбиесі – нәзік те күрделі, әрі қоғамдық жауапкершілікке жатады. Бала – өмірдің гүлі, сол әлеуметтің болашағы. | Баланы тәрбиелі де, саналы азамат етіп өсіргіміз келсе, ең алдымен өзіміз кіршіксіз таза, тәрбиелі адам болуымыз керек. Адамгершілік пен саналықтың бастапқы қарапайым белгілерін өнегелі отбасында дарытқан баланың болашағы жарқын, өмірі мәнді болмақ. |
| ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ | **«Босаңсу және қатаю»**<br>Тік тұрып қолдарын ілгері көтеру,жұдырықтарын жұму,иық алдының бұлшық еттерін қатайту, (5-6сек)Күшті болам деп ойлау керек.Содан кейін денені босаңсытып,қолды төмен түсіру.Еркін қимылдар жасау. | **«Жаяу ат айдаушы»**<br>Орындыққа отырып денені алға қарай арқаны жәй ғана еңкейту,басты төске жібереміз.Қолымызды бос ұстаймыз,көзді жұмып,бұлшық етті босаңсытамыз. | **«Күн»**<br>Балалар шеңберге тұрып,қолдарын күнге созады,күн шуағын адамның жүрегіне сыйлайды.Балалар күн шуағын тіршілікке жолдайды. | **«Шар»**<br>Шарды үрлеп жатырмын деп ойлап қолдарын іштеріне қойып шар сияқты қампитады.Қарын бұлшық еттері қатаяды,иықты көтермейді.Дем алады,дем шығарады. | **«Көбелек»**<br>Табандарын қатарластырып қояды,аяғын созып білектерін айқастырып,табанын құшақтайды.Тізеден бүгілген аяқпен серіппелі тербеліс жасайды. |
| **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. ұлттық ойындар<br>**(күн сайын)** | **«Қыз қуу»**<br>Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, епталікке баулу.<br>К/к құралдар: қамшы, аттың макеті. Шарты: Ойынға қыз бен жігіт қатысады. Екеуі де атпен шауып келеді. Жігіт атпен қыздың артынан қуады. Егер қызға жете алмаса, онда қыз жігітті айыптап, қамшымен қуады. | **«Ханталапай»**<br>Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интелектуалдық, тапқырлық, ептілік, дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылық қабілеттерін дамыту. Топта жұмыс істей білуін қалыптастыру, патриоттық сезімдерін және Отанға туған, өлкеге деген сүйіспеншілігін ояту. | **«Түйе-түйе»**<br>Барысы: Ойыншылар екі топқа бөлінеді. 1-топтың адамдары — адамдары — бірі інген де, қалғандары боталар. 2-топтың ойыншылары ойын жүргізушісінің әмірімен жан-жаққа бытырайды да, інгеннің боталарын бір-бірлеп ұрлайды. Барлық ботадан айрылған інген боздап, қайғылы, зарлы да мұңды ән шырқайды, сөйтіп, "қарақшы" топқа тап болады. Осы кезде ойыншылардың барлығы бір жерге жиналады. Ботасын ұрлаған "қарақшылар" қалай қарсы алғандығына қарай | **«Теңге ілу»**<br>Мақсаты:Бір - біріне деген сыйластығын, достық қарым қатынасын нығайту. Ұлттық ойын арқылы салт - дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу. Бір - біріне деген шынайы достықты сезіне білу дағдысын дамыту. к/к: аттар макеты<br>Барысы: Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі.Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. | **«Көкпар» ойыны**<br>Мақсаты: Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу. Бір - біріне деген сыйластығын, достық қарым қатынасын нығайту. Ұлттық ойын арқылы салт - дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу. Бір - біріне деген шынайы достықты сезіне білу дағдысын дамыту. Көрнекіліктер : Ұлттық киімдер, аттар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | інген оларға жаза колданады. | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Қапшықта не жатыр?» Мақсаты: Балалардың зат пен пішіндер арасындағы ұқсастықты айра білу туралы білімдерін бекіту. | «Формасы ұқсас заттарды тап» Ойынның мақсаты: Түрлі заттарды формасына қарай ажырата білуге үйрету. Сөзбен атап айтуға жаттық тыру, сабақта алған білім – дағдыларын тиянақтау. | . «Кім тез шешеді?» ойыны Тапсырма: берілген суреттердің ішінен екіншісін тауып ал. | «Неге(не үшін) оны істеу керек?» дидактикалық ойыны Мақсаты:еңбекке қажеттіні қалыптастыру, білімде еңбек жағдайларын кеңейту. | «Аттар тұяқтарымен тарсылдатады» Мақсаты: Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық<br><br>**«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау<br>**(Күн сайын)** | Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Үстел үсті ойыны: **«Жылдың қай мезгілі екенін тап».** Міндеті : жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін сурет арқылы ажыратып айтады.<br>. | **«Сиқырлы суреттер»** Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. | **«Суреттерді құрастыр»** Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту | **«Кім не жейді?»** Мақсаты: Логикалық ойлауды,сөйлеуді, талғамды,байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту | **«Жемістерді жина»** Мақсаты: Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **<u>Математика негіздері</u>** Заттардан пішінге ұқсас зат табу,жинақтау<br>**"Дәл солай тап" ойыны** Балалардың алдында үш-төрт түрлі геометриялық фигуралар бейнеленген карточкалар жатыр. Тәрбиеші өз картасын көрсетеді ( немесе карточкадағы фигураларды атайды, тізімдейді). Балалар сол пішінге ұқсас заттың біреуін | **<u>Сауат ашу негіздері</u>** **Сөздің** мағынасына қызығушылыққа баулу **"ҚАТЕНІ ТҮЗЕТ"**. Мақсаты. Балаларды сөз бен сөйлемнің мағынасын түсінуге үйрету. Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемдерді оқиды. Оларда қателіктер жіберілді, оларды балалар түзетуі керек. Ешкі қызға тамақ әкелді. Доп Арманмен ойнайды. | **<u>Математика негіздері</u>** Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату<br>**«Формасы ұқсас заттарды тап»** Ойынның мақсаты: Түрлі за ттарды формасына қарай ажырата білуге үйрету. Сөзбен атап айтуға жаттық тыру, сабақта алған білім – дағдыларын тиянақтау. | **<u>Сауат ашу негіздері</u>** Сөздерге дыбыстық талдау жасау. Фотасуреттер қарастыру **«Менің ойыншықтарым»** Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру,ойыншықтар атауына дыбыстық талдау жасау. **"Ойыншықтар дүкенінде"** Мақсаты: Дүкенде өзін дұрыс ұстай білуге тәрбиелеу,диалогты сөйлеуді | **<u>Математика</u>** Жиындарды бөліктерге бөлу **«Сипай сезіп ,санау»** арқылы қарамай ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. **«Сиқырлы қапшық»** Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға, жиыннан бөліктерге бөлуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қауіпсіздікті үнемі сақтау қажеттігін ескертіп отыру үшін жадынама!**<br><br>**Жолда жүру ережесі**<br>Жолда жүру өте қауіпті нәрсе !<br>Жолда жүру ережесін әрбір оқушы білуі керек!<br>Үйден шыққанда жолдың сол және оң жағына қарап жүру керек!<br>Машина жүргенде тоқтап тұрып,өтіп кеткеннен кейін жолдан өру керек! | табуы керек<br><br>**<u>Дене шынықтыру</u>**<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>**Еркін ойындар.**<br>**: «ТАПҚЫР»**<br>**Ойын шарты:** Тегіс жерге дөңгелек сызып,радиусына тең жіп алынады. Жүргізуші дөңгелек ортасында тұрып тізе тұсына жіпті жәй біресе тез айналдырып ойыншыларды іліп алуға тырысады. Қалған ойыншылар жіпке ілінбеуге тырысып секіреді.<br>**Қим\о «КИІК»**<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар бір-бірінің қолынан ұстап шеңберге тұрады.<br>Жүргізуші балалардың арасымен кіріп былай дейді:<br>Желаяқ киік шабады,<br>Жолменен киік шабады.<br>Бір,екі,үш,төрт,бес,<br>Оны қалай ұстаймыз?<br>Оны қалай ұстаймыз?<br>Дөңгелекті жауып,қолдарын жібереді. Егер киік ұсталса,ойыншылар ауысады.<br><br>**<u>Сауат ашу</u>**<br>Дыбыстарға байланысты ойын-тапсырмалар<br>**«Менің отбасым»**<br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін таныстыру.<br>Сөйлеу арқылы тілін дамыту.<br>Шарты: Сурет арқылы отбасы мүшелерін атайды және бастапқы дыбыстарының | Жол көлікпен жүреді.<br>Сардар допты әйнекпен сындырды. Және т.б.<br><br>**<u>Қоршаған ортамен таныстыру</u>**<br>**Бала, оның отбасы, үйі.** Өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.<br>Мен тақпақ оқиын.<br>Сендер кім туралы екенін айтып беріңдер?<br>Менің әжем, ер әжем,<br>Мінезі өте жәйлі әжем.<br>Тірек болып жүр әжем.<br>Бақшасында балалар.<br>Іні, әпке, аға бар.<br>Ойыншықтар көп онда.<br>Машина, ат,түйе бар.<br>-Өлеңде отбасы туралы.<br>-Енді балалар, осы «отбасы» деген сөзге әрқайсымыз өзіміздің ең жақсы көретін сөзімізді айтайық.<br>Отбасы тату болсын, бір-бірінді ренжітпеу керек..<br>«Отбасы» ағашын құрастыру.Сурет салу.<br><br>**<u>Музыка</u>**<br>музыка сипатын қабылдау<br>**«Бұл қай кезде болады?»**<br>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.<br>Музыканы мұқият тыңдап отырып ести білуге шығарманы соңына дейін тыңдауға үйретуді жалғастыру. Әннің сөзін анық етіп, мәнін түсініп орындауға дағдыландыру. Ойыншық кейіпкерінің кимыл | Шарты:бүтін,бөлік заттарды ажырату,жинақтау керек.<br>**Құр\о: «Не жетпейді»**<br>Мақсаты: суреттің жарты бөлігін бүтінге айналдыруды нақтылау.<br>Шарты: Тақтаға суреттер ілінеді, балалар жетпеген жерлерін апарып іледі.<br><br>**<u>Сөйлеуді дамыту</u>**<br>Сөздерді үстеулермен үйлестіру<br>**«СӨЗДЕРДІ ТОЛЫҚТЫР".**<br>**Мақсаты.** Балалардың сөйлеу белсенділігін, ойлау жылдамдығын дамыту.<br>**Ойын барысы.** Тәрбиеші сөйлемнің басын айтады. ал толық сөйлем шығуы үшін балалар оны жаңа сөздермен толықтыруы керек. Мысалы,: "Анам сатып алды...""... кітаптар. дәптерлер, кәмпиттер...", - деп жалғастырады балалар.<br>**<u>Қазақ тілі</u>**<br>Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдану<br>**« Менің досым»** ойыны<br>Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды.<br>**« Сөйлемді аяқта»**<br>Мақсаты: айтылған сөзді дұрыс тыңдап,жалғасын табуға үйрету. | бекіту.<br><br>**<u>Көркем әдебиет</u>**<br>. Көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу<br>**Дидактикалық ойын**<br>**«Шынжырға ертегілерді жинайық»**<br>**Мақсаты:** Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Шарты:**Балаларға таныс ертегі үзінділері оқылады, балалар қандай ертегілер және неше ертегі жинағы тізілгенің айтады.Кейіпкер қимылын көрсетіп, интонациясын келтіріп айту арқылы актерлік шеберлігін көрсету.<br>**Мысалы:**"Ата мен әже өмір сүріпті, оларда шұбар тауық болыпты. Бір күні шұбар тауық жұмыртқа беріпті. Әже оны әйнек үстіне сусысын деп қойыпты. Ал ата шалқанды тартуға кетіпті. Тартады, тартады, тарталмайды".<br>("Шұбар тауық", "Бауырсақ", "Шалқан ").<br>**Ертегіні үш сөзден тауып ал:**<br>1) Қатық, құйрық, сиыр. ("Мақтақыз бен мысық")<br>2) Ешкі, лақтарым, шырақтарым, қасқыр ("Қасқыр мен жеті лақ")<br><br>**<u>Қоршаған ортамен таныстыру</u>**<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.<br>**Дамытушы ойын.**<br>**"Мен өзіммен бірге жолға аламын".**<br>Мақсаты.<br>Логикалық ойлауды дамыту. | баулу..<br>Шарты: заттарды не ойыншықтарды бөліктерге бөлу.<br><br>**<u>Қазақ тілі</u>**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттармен танысу<br>**Қоржынды сәндейміз»**<br>Мақсаты: Қазақтың үй бұйымы – коржынмен таныстыру, коржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту.<br>(жұптық жасату)<br><br>**<u>Музыка</u>**<br>таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау<br>**«Достық неден басталады»**<br>Шарты: мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіңдер.<br>**«Жақсы көрем атамды.жақсы көрем әжемді»** әнін үйрету.Сөзін,әуенін анық,ашық айтуға үйрету.<br><br>**<u>Сөйлеуді дамыту.</u>**<br>Фонематикалық есту қабілетін дамыту<br>**«Сөйлемді аяқта!»**<br>Шарты: Тәрбиеші сөйлемнің басын оқиды,балалар аяқтау керек.<br>-Менің ұлтым-<br>-Менің жасым-<br>-Мен өскенде-<br>-Мен Отаным-<br>Т.б<br>**Құр\о: «Интервью»**<br>Мақсаты:Байланыстырып сөйлеуді дамыту,диалогті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай дыбыс екенін ажырату керек.<br>**«Кэмпиттер»**<br>Мақсаты:Бұл ойын шулата отырып бірдей дыбысты табу және де ойлау қабілеттері дамиды,зейіні ,есте сақтауы, сонымен қатар есту арқылы ,тыңдай отырып дыбыстардың ерекшеліктерін сезеді.<br><br>**<u>Көркем әдебиет</u>**<br>Кітаптың безендірілуіне назар аудару<br>**Саусақ гимнастикасы "Кітаптар"**<br>Әлемде көптеген кітаптар бар, Балалар оларды оқығанды өте жақсы көреді (Алақандарын "кітаппен" біріктіреді) Егер біз кітаптарды оқысақ, Онда біз бәрін білетін<br>боламыз. ("Кітапты" ашып, жабыңыз) Теңіздер мен мұхиттар, Таңғажайып елдер туралы. Жануарлар туралы оқимыз Және ғарыш туралы білетін<br>боламыз. Сәлеметсіздер ме балалар!!! Менің атым «Білгішбек» ! Менімен ойындар ойнауды ұсынамын! Алдымен жұмбақ шешейік!<br>Қабат,қабат,қаттама,<br>Ақылың болса аттама! Ол не?<br><br>**Мақал-мәтелдер**<br>**(«Тілге бойлау»** бағыты бойынша)<br>**Бала тәрбиесі бесіктен.**<br>Қар қылаумен өседі,<br>Бала сылаумен өседі..<br>Мейірімділікті анадан үйрен, | қозғалысын бере білуге талпындыру.<br>**Ойын-жаттығу:**<br>Мынау ойыншық әлемі,<br>Ойыншықтары әдемі.<br>Таңдап алып біреуін.<br>Бөпеме алғым келеді,<br>Сынып қалса бір жері.<br>Жөндеп бергім келеді,<br>Жылатпаймын бөпемді,<br>Үлкенмін ғой себебі.<br><br>**<u>Құрастыру</u>**<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету.<br>табиғи материалдарды таңдау, талдау жасау (бұтақтар, кепкен жапырақтар, шырша бүрлері, ағаш қабықтары, т.б.) артық бөліктерін алып тастап, белгілі бір бейнеге ұқсату жолдарын ойластырады.<br>Бала таңдауына қарай жасауға мүмкіндік беру.Қауіпсіздік ережесін сақтауды ескерту.<br>**Қол жаттығулары:**<br>**«Салат»** жасау әдісі: қырыққабатты кесеміз,саусақтармен шөкімдеп тұздаймыз,қырыққабатты еземіз,(қимылмен көрсету | Шарты: Менің досым..............( сыпайы, қайырымды, ақылды, аққөңіл)Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.<br><br>**<u>Дене шынықтыру</u>**<br>**Жүру**: қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру.<br>Кедергілердің арасымен өту арқылы "жыланша" **жүгіру.**<br>**Жыланша төрттағандап еңбектеу**<br>Мақсаты: заттардың арасымен "жыланша " төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу;<br>**Қ\о: «Жыландар»**<br>Шарты: Балалар сәл ілгері еңкейіп,бір-бірінің артынан ұстап тұрады. Берілген белгі бойынша кедергілер үстінен еңбектеу керек.Тізбекті үзбей жасауы керек.<br>**Жаттығулар:**<br>**«Құлыптау»** әдісі:<br>Есікте құлып қалды(екі қолды біріктіру),мен аша алмадым-қолды әртүрлі бағытқа бұрау. | Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: бір заттардың суреттері бар суреттер.<br>Сипаттама.<br>Балаңызға оймен саязатқа баруды ұсыныңыз. Бірақ сапардың сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз.<br><br>**<u>Дене шынықтыру</u>**<br>Кегльдердің арасымен, жіптерден аттап **жүру.**<br>**Жүгіру**: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып орындық үстімен тепе-теңдікті сақтауды үйрету.<br>**Қ\о: «Ырғып секіру»**<br>Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады.<br>Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады.<br>Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады | сөйлеуге дағдыландыру,сұраққа толық жауап беруге баулу.<br>Шарты: Газет тілшісі ретінде қолына микрофон алып «Менің қалам» тақырыбында сұхбат алады.Баланы әңгімеге тарту керек.<br><br>Бала тілін дамыту **<u>(вариатив)</u>**<br>Күз кереметі. Жемістер.<br>Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Жемістердің аттарын атап, ажырата білу.<br>Жемістер туралы өлең үйретіп, жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру<br>(Жемістер суреті) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әділдікті данадан үйрен. | | | | |
| Серуенге дайындық | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. |
| Серуен<br><br>**Қауіпсіздік ережелерін сақта міндетін түсіндіру.**<br>(серуен кезіндегі қауіпсіздіктерді сақтау: құлап қалмау, қатты жүгірмеу, жердегі лас заттарды алмау,.т.б) | **Серуенге қызығушылық туғызу**. Балалармен жеке әңгіме жүргізу. **Арнайы көліктерді бақылау**<br>Мақсаты: — Арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту;<br>— Сөздік қорларын молайту.<br>- Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? («Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.)<br>-Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.) -Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (зардап шеккендерге көмектесу үшін.) -Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (иә) -Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.)<br>**Еңбек әрекеті:** мектеп ауласындағы қоқыстарды жинауға көмектесу. | **Күздің белгілерін бақылау**<br>Мақсаты:<br>— Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;<br>Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру Күздің қандай белгілерін білесіңдер? Күзде ауа-райы қалай өзгереді? Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>**Е\о: «Үлкен-кіші»**<br>Шарты: Көшбасшы шығып үлкен дегенде тұрады,кіші дегенде отырады.Қателескен бала ойыннан шығады.<br>**Еңбек әрекеті:**<br>Жапырақтар жинау.<br>**Қимылды ойын:**<br>**Допты қуып жет»**<br>Ойын шарты: Тәрбиеші допты әржаққа лақтырады, балалар қуып жетіп әкеледі | **Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау**<br>Мақсаты:<br>— Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)<br>— Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды ).<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Табиғат жайлы әңгімелеу»**<br>Мақсаты: балалардың дүниетанымын,тіл байлығын дамыту.<br>-табиғат дегенді қалай түсінеміз? –табиғат жер,ауа,су,орман,өсімдік, т.т.<br>**Еркін ойындар**: бала таңдауымен. | **Желді бақылау .**<br>Мақсаты: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру;<br>— өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жел қайдан пайда болады? (жерден қызған ауа жоғары көтеріледі, ал суық ауа төмен түседі.<br>Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.)<br>Күшіне қарай желдің қандай түрлері болады?(күшті және әлсіз)<br>Күшті желдер қалай аталады? (дауыл, құйын.)<br>Бүгін жел бар ма?<br>Ол күші бойынша қандай?<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен торғайлар» (4 рет)** . «Торғайлар» орындықта, гимнастикалық қабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым- ишарамен көрсетіп отырады | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу:<br>**Ұшып кететін құстарды бақылау**<br>Мақсаты: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту;<br>Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.<br>Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:<br>Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?<br>(құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады)<br>**Еркін ойын: «Ұядағы кішкентай торғайлар»** Шарты: Педагогтың көмегімен балалар - «торғайлар» 3-4 топқа бөлініп, «ұялардың» ішіне отырады. (шнурлардан немесе арқаннан жасалған үлкен диаметрлі шеңберлер). Тәрбиешінің белгісі бойынша: «Торғайлар» ұядан «ұшып, құрсауды басып өтіп, жан-жаққа шашырап кетті. Тезірек-» дәндерді жеп ал Сигнал бойынша: «Құстар, ұяларға! |
| Серуеннен оралу | Табиғат құбылыстары жайлы білімдерін тиянақтау,көргендерін әңгімелеуге шақыру. | **«Затты сипатта»**<br>Серуеннен келгесін көрген заттарын қағаз бетіне түсіруге көмектесу. | Қимылдық ойынды топта жалғастыру мақсатында еркін ойындар ойнайды. | Кітап бұрышында ертегі оқу,шығарма желісін қайталату. | **«Құстың қауырсыны кімге барады?»**<br>Шарты:тәрбиеші құстың қауырсынын үрлейді,кімге барса сол бала ән айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру **(күн сайын)** **Топта, үйде үнемге үйрету. «Үнемді тұтыну» флипкітапшасын көрсету.** | **Егерде жарық болмаса...» (баланың ойын тыңдау)** | **Жуынатын бөлмеде ағып тұрған суды дер кезінде жабыңыз!** | **Қажет емес кезде жарықты қоспаңыз!** | **«Судында сұрауы бар» (мақалды түсіндіру)** | **Тамақ қалдығын жерге төкпе!** |
| Балалармен жеке жұмыс (жеке даму картасы бойынша) | .Бекасыл, Абдурахман .қаламды дұрыс қолдануға үйрету. **(қолды жазуға үйрету)** | Райана, Нұрасханды түстерді сәйкестендіре білуге үйрету. | Заңғар ,Расулды топпен бірге ойнауға қызығушылығын арттыру. | Әміре, Қалмұхамбетті тақпақ айтқызу арқылы дыбыстарды анық айтуға көмектесу.. | Расул ,Бекасыл суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру. |
| Балалардың үйге қайтуы | Жылы киіндіруге кеңес. | Күн тәртібін сақтау,кешікпей келуге кеңес беру. | . Оқу құралдарының түгел болуы ескертіледі. | Үй жағдайында телефонды көп ұстатпауға кеңес беру. | Демалыс күндерінде баламен көбірек уақыт өткізуге кеңес беру. |